



Теңдік және кемсітушілікке тыйым салу

Студенттерге арналған құрал



ТЕҢДІК ЖӘНЕ КЕМСІТУШІЛІККЕ ТЫЙЫМ САЛУ

Студенттерге арналған құрал

Құрастырушы-автор: Галина Деревенченко

Редакторы: Нигина Бахриева



Бұл басылым Адам құқығы мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы, «Nota Bene» Қоғамдық қоры, Адам құқығы жөніндегі Халықаралық серіктестігі және «Орталық Азиядағы іргелі құқықтарды қолдаудағы азаматтық қоғамның Ұлтаралық коалициясы» Адам құқығы жөніндегі Түрік бастамасының

бірлескен жобасы шегінде Еуропалық Одақтың ықпал етуімен шығарылды.

Бұл басылымның мазмұны осы төрт ұйымның жауапкершілігінің мәні болып табылады және Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

Қазақ, Тәжікстанн 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1. ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН КЕМСІТУШІЛІКТЕРДІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ	7
2. АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ КЕМСІТУШІЛІКТЕРГЕ ТЫЙЫМ САЛУ	10
3. КЕМСІТУШІЛІК ҰҒЫМЫ.....	11
3.1. Кемсітушілік элементтері.....	12
3.1.1. Құқыққа қысым жасау.....	12
3.1.2. Кешірімге жатпайтын белгілер.....	13
3.2. Кемсітушіліктің түрлері.....	15
3.3. Жағымды әрекеттер.....	18
3.4. Кемсітпеу құқығын қорғау.....	19
4. КЕМСІТУШІЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	22
4.1. Жынысы бойынша кемсітушілік	22
4.2. Нәсілі, түр түсі немесе, этникалық тегі бойынша кемсітушілік.....	26
4.3. Дінге тиесілігі бойынша кемсітушілік.....	29
4.4. Сексуалдық сәйкестену белгісі бойынша кемсітушілік.....	33
4.5. Мүмкіндігінің шектеулігіне байланысты кемсітушілік.....	41
4.6. Басқа да белгілері бойынша кемсітушілік.....	49
5. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ МЕН ТӘРТІПТЕРДІҢ ЖҮЙЕСІ.....	51
5.1. БҰҰ жүйесінің мекемелері мен органдары кемсітушіліктерге қарсы қорғау құралы ретінде.....	51
5.2. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым (ЕҚЫҰ).....	56

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

- ДИАҚБ** Демократиялық институттар мен адам құқығы жөніндегі бюро
- АҚЕК** Адам құқығы жөніндегі Еуропалық Конвенция (Адам құқығы мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы Еуропалық Конвенция)
- ЕО** Еуропалық Одақ
- ӘЖЖК** Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы БҰҰ-ның Конвенциясы
- НЖЖК** Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі БҰҰ Комитеті
- МҚК** Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы
- БҚК** Балалар құқығы туралы БҰҰ Конвенциясы
- АҚК** Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Комитеті
- ЭӘМҚК** Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі БҰҰ Комитеті
- МШТ** Мүмкіндігінше шектеулі тұлғалар
- МКЛРД** Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенция
- АСҚХП** Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті
- МПЭСКП** Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті
- ЕҚЫБ** Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық жөніндегі бюро
- БҰҰ** Біріккен Ұлттар Ұйымы
- АҚЖКБ** Адам құқығы жөніндегі Жоғары Комиссар Басқармасы
- ОА** Орталық Азия

КІРІСПЕ

Кемсітушілік, бұл – қазіргі әлемдегі адам құқығын барынша дөрекі және жаппай түрде бұзу болып табылады. Миллиондаған адамдар оқшаулықтан, кедейшіліктен, қатыгез әрекеттерден зардап шегуде және тіптен өздерінің сенімдері немесе өздерінің кім болып табылатындықтары немесе оларды кім ретінде санайтындықтары үшін зорлық көруде.

Кемсітушілік көбіне – надандық, соқыр наным мен жағымсыз таптаурындар негізінде орын алады. Адамдардың көпшілігі сырт көзге оғаш немесе белгісіз болып көрінетін нәрселерден сескенетіндіктен, олар сырт келбеті, мәдениеті немесе мінез-құлқы бойынша жат адамдарға күдікпен қарайды немесе тіптен, оларға қарсы зорлық қолданады да.

Кемсітушілік, жәбірлеу мен шабуыл жасаудан бастап қарапайым игіліктерден, көрсетілетін қызметтер мен басқа да құқықтардан айыруға дейін түрлі нысандарда болуы мүмкін. Кемсітушілік құрбандарын жұмысқа орналасу кезінде қыспаққа алуы немесе олардың білім, ба-спана мен қажетті медициналық жәрдем алу мүмкіндігін шектеулері мүмкін. Кемсітілетін топтар сондай-ақ, қоғамдық өмірге араласу, бірлестіктерді ерікті құру, өзінің діни сенімін уағыздау немесе өзінің мәдени ерекшеліктерін сақтау құқықтарынан да айрылуы мүмкін. Қылмыстық әділ сот жүйесіндегі кемсітушілік, белгілі топтардың іс жүргізу нормаларының сақталуына сене алмайтындығынан және көбіне азаптаулар мен қатыгез әрекеттерге ұшырайтындығынан көрініс табады. Кемсітушіліктің барлық осындай түрлері жер-жерде кездеседі.

Кемсітушіліктің қандай да бір түріне, әр уақытта барлық адамдардың әрқайсысына тиесілі адамгершілігі мен тең құндылығын қадірлемеу мен өзгешелігін қабылдамау дәлел болады. Сондықтан тегіне, түсіне, діни сеніміне, жынысына, жыныстық өзін-өзі сәйкестідіруіне, сексуалдық сәйкестенуіне, жасына, шектеулі мүмкіндіктеріне немесе басқа да жағдайларына орай адамды құқығынан ішінара немесе толығымен айыру орын алатын жерлерде ол кеңінен өркен жая алмайды.

Кемсітушілік, жеке және сол сияқты, мемлекеттік секторларда да орын алуы мүмкін. Әдетте, ол қоғамдық құрылымдарды, институттарды, әлеуметтік қатынастар мен көзқарастарды қамтитын жаппай құбылыс түрінде көрінеді. Нәтижесінде кемсітушілік құрбандары жаңа кемсітушілікті тудыратын оқшаулау, тең құқысыздық пен қате түсінік аясында қалады.

Жер-жердегі белгілі топтардың өкілдерін экономикалық және саяси құқықтарынан айыру оларды нақты бөлектеуге әкеп соғады. Тіптен, ресми қолдау болмаған күннің өзінде де жаппай ескішілдік мемлекеттік құрылымдарға енетін қауіпті қасиетке ие, осының салдарынан кемсітушіліктің қоғамдық институттар деңгейінде бекуіне алып келеді. Мемлекеттік саясат деңгейіне дейін көтерілетін кемсітушілік, заң деңгейінде бөлектеуге апарып соғады.

Мұндай сын-тегеуріндерге жауап ретінде осы секілдінің қайталанбауы тиістігіне терең сеніммен құрылған құқық қорғау тетіктерінің халықаралық жүйесін әзірленді. Бұл жүйеде басты орын кемсітушілікке қарсы күрес алады. Бұл Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясының алғашқы екі баптарында көрсетілген. Мұнда *«барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді»* (1-бап) және *«әрбір адам нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық немесе басқа да жағдаяттарына қарамастан, осы Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаланбай, бірдей тең ие болуы тиіс»* (2-бап)¹.

Осы құрал кемсітушілік мәселелерін адам құқығы жөніндегі халықаралық стандарттар мен халықаралық органдардың тәжірибесі тұрғысынан талдау ретінде ұсынылады. Бұл Орталық Азия (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан) аймағындағы оқырмандар үшін пайдалы деген ниеттеміз, себебі, мұнда БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі түрлі Комитеттерінің ОА-ға қатысты шешімдері келтірілген. Құралда кемсітушілік дегеніміз не; кемсітушіліктің қандай түрлері; қандай негіздері бар; кемсітушілікті жағымды әрекеттерден қалай ажыратуға болатыны, соңында, кемсітпеу құқығын қорғау үшін қандай халықаралық тетіктер мен тәртіптер бар деген сұрақтарға жау-

1 «Өзгешеліктерді жеңе отырып – Еуропадағы кемсітушілікке қарсы күрес концепциясы», Amnesty International. http://amnesty.org.ru/sites/default/files/Dealing_with_difference_ru.pdf

аптар берілген. Халықаралық тетіктер бөлімінде «Нотабене» Қоғамдық Қорымен 2012 жылы Ашық Қоғам институтының (Будапешт) қаржылық қолдауымен дайындалған «Азаматтық қоғамдарға арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының шарттық органдарының тетіктерін қолдану жөніндегі нұсқаулық» пайдаланылды. Осы құрал тек студенттер, заңгерлер үшін ғана емес, сонымен бірге азаматтық қоғамның, академиялық орта мен халық өкілдері үшін де пайдала болмақ.

1. КЕМСІТУШІЛІККЕ ТЫЙЫМ САЛУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Адам құқықтарын қорғау үшін теңдік ұғымының маңызы аса зор. Жеткілікті дәрежеде негізделмеген құқықтардың «теңдігін» қамтамасыз етудің мүмкін болмауы адам құқықтарына кепілдік беруге қабілетсіздікті білдіреді. Мұндай жағдайда теңдік құқығы немесе «тең құқықтар» кез келген басқа адамның құрамдас бөлігі болып табылады. Тең құқылық, бұл – жай ойдағы ұғым ғана емес; тең құқықтарды ұсынудан бас тарту адамдардың аман-саулығына елеулі салдарын тигізеді. Кемсітушілік адамдардың өмірінің барлық саласына әсер етеді, ол – әлеуметтік шеттетуге, маргиналдыққа және адамшылықты жоюға алып келеді.

Де-юре кемсітушілік дегеніміз, заңда бекітілген кемсітушілікті білдіреді, ал де-факто кемсітушілік заңдарды, саясатты немесе тәжірибені қолдану салдарын білдіреді. Мұнан, де-юре кемсітушілік заңнамаларына өзгертулер енгізу немесе оны жою жолымен кемсітушілік дереу түп тамырымен жойлуы тиіс екенін ұғамыз. Мемлекеттер де-факто кемсітушілікке ұшырайтын жағдайда, оны тездетіп жоюды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шараларды дереу қолдануға тиіс (*Асма Джахангир дінінің немесе нанымдарының бостандығы туралы мәселе жөніндегі Арнайы баяндамашының баяндамасынан*²).

ТЕҢДІК ҚАҒИДАСЫ

Кемсітушіліктен қорғауға кепілдік беру – теңдікті сақтау дегенді білдіреді, яғни адамдардың заң алдында да, сол сияқты тәжірибеде де тең болуы. Адамдар арасында сансыз өзгешеліктердің болатыны айдан анық және олардың арасында жыныстары, тілдері, діндері, ұлттары, сексуалдық сәйкестіктері, саяси көзқарастары бойынша өзгешеліктері, көру мен естудегі икемділігі, қамсыздануы мен денсаулығындағы өзгешеліктері басты орын алады.

Көптеген жағдаяттарда бұл өзгешеліктер аса маңызды емес. Дегенмен, кейде адамдарға өзі секілді теңдей қатынас жасау үшін қажет болатын оларға жасалатын түрлі әрекеттерді ақтайтын жағдаяттар да болып тұрады. Бұл өзгешеліктердің түрлі жағдаяттардағы мәнін түсінген маңызды. Бұл тек заң деңгейіндегі ресми теңдік құқығына ғана емес, нақты жағдайлардағы тең құқыққа қол жеткізуге де мүмкіндік береді. Егер өзгешеліктері болар болмас

² <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/G09/101/06/PDF/G0910106.pdf?OpenElement>

қана болса (мәселелен, белгілі жұмысты орындау қабілетіне қатысты, түр-түсі бойынша), онда өзгеше әрекеттер кемсітушілік болып саналады.

Осымен бірге тең қарау немесе осындай жағдаятта маңызды болып табылатын өзгешеліктерді ескеруге қабілетсіздік, нақты түрде теңсіздікке немесе кемсітушілікке алып келуі мүмкін жағдайлар да кездесіп жатады³. Бұл ресми тең жағдайлар тек белгілі топтарға қатысты тарихи қалыптасқан кемсітушіліктің сақталуына ықпал ететін, теңсіздік орын алған жағдаяттарда жасалатын кездері болып тұрады.⁴ Сонымен, мәселен, адамдардың ерекше қажеттіліктеріне шарттасылған маңызды өзгешеліктерін жоққа шығару салдарынан болатын жағдайларда, құқықтар теңдігін іске асыру мүмкін болмай қалады. Бұған мүгедек арбаларымен қозғалатын тұлғалардың пандус құрылғылары орнатылмаған қоғамдық ғимараттарға кіре алмайтыны мысал бола алады.

Теңдік қағидасы – халықаралық құқықпен бекіген құқық. Қарапайым тілде айтқанда, ол «біркелкі жағдаяттарға – бірдей, ал әркелкі жағдаяттарға – түрліше тәсілде әрекет жасауды»⁵ талап етеді. Бұл ретте, түрлі әрекеттердің объективті негіздерінің болуы мен көзделген мақсаттардың үйлесімді болуы тиіс.

3 Флиммелос ісінде Адам құқығы жөніндегі сот қаулы етті: «... Конвенциямен [Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы Еуропалық конвенциямен] кепілдік берілген құқықтарды жүзеге асыру кезінде кемсітушілікке ұшырамау құқығы сондай-ақ, мемлекет жағдайлары елеулі түрде өзгеше тұлғаларға түрліше әрекет жасаудан объективті емес және орынсыз себеппен бас тартатын жағдайларда бұзылады». Thlimmenos v.Greece ісі («Флиммелос Грекияға қарсы», ағылшын тілінде.), № 34369/97 арыз, 6 асуірі 2000 ж., 44-тармақ.

4 БҰҰ-ның әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі Комитеті (осы шарттың қатысушы-мемлекеттерімен ӘЖЖ орындауына бақылау жүргізетін тәуелсіз сарапшы орган) өзінің уақытша арнайы шаралары туралы №25 жалпы нұсқауында былай деп көрсетеді: «Комитеттің пікірі бойынша, Комитетпен негіз қалаушы теңдік ретінде қарастырылатын әйелдер мен ерлер арасындағы нақты теңдікті қамтамасыз ету үшін таза ресми және бағдарламалық әрекеттер жеткіліксіз. Мұнан өзге, Конвенцияның ережелеріне сай әйелдерге тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және тең нәтижеге қол жеткізу үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қажет. Ерлерге жасалатын әрекеттерге ұқсас әрекеттерді әйелдерге де қолдануға кепілдік беру жеткіліксіз. Мұның орнына әйелдер мен ерлер арасындағы биологиялық, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени конструктивті айырмашылықтарды ескерген жөн. Кей жағдайларда осындай айырмашылықтарды жою үшін әйелдер мен ерлерге сәйкес келмейтін әрекеттерді қамтамасыз ету қажет етіледі. Негіз қалаушы теңдікті қамтамасыз ету мақсаттарында сондай-ақ, әйелдердің ұсынылмағандығын жоюға және әйелдер мен ерлер арасындағы ресурстар мен өкілеттіктерді қайта бөлуге бағытталған тиімді стратегия қажет».

5 Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы еуропалық конвенцияның №12 хаттамасының түсіндірме баяндамасын қараңыз (осында және АҚЕК №12 хаттамасы). Түсіндірме баяндамада теңдік пен кемсітушілікке жол бермеу арасындағы өзара байланыс нақты келтірілген: «...кемсітпеушілік пен теңдік қағидаларының бір-бірімен тығыз астасып жатқанын айта кету керек. Мысалы, теңдік қағидасы біркелкі жағдаяттарға бірдей, ал әркелкі жағдаяттарға – түрліше әрекет жасауды талап етеді. Егер бұлай болмаған жағдайда, онда кемсітушілік екені айдан анық, егер әрине бұған орынды және объективті ақтау табылмайтын болса ...» (15-тармақ).

Құқықтар теңдегі, бұл – постулат немесе тіптен, кемсітушілікке тыйым салудан да жоғары талап. Кемсітушілікке тыйым салу, егер оңтайлы негіздемесі болмаса, құқықтарды саралауды қолдануға болмайтыны туралы айтады. Ал құқықтардың теңдігіне келетін болсақ, онда бұл қандай да бір саралауды негіздей алатын себептің жоқ екенін білдіреді. Яғни, егер де ерлер мен әйелдердің құқықтары тең деген ереже бар болса, онда бұл жыныстық қағида бойынша кемсітушілікке тыйым салу туралы айтатын ережеден гөрі басымырақ болады. Сондықтан кемсітушілікке тыйым салу, егер де қандай да бір дәлелді себеп болатын болса, онда саралауға болатыны туралы айтады. Ал біз құқықтар теңдігі туралы сөз қозғайтын болсақ, онда оларды шектей алатындай ешбір себепке жол бермейміз⁶.

➤ **Кемсітушілік үшін кім жауапты?**

Кемсітушілік үкіметтермен немесе олардың атынан жасалатын әрекеттермен шектелмейді. Халықаралық құқықтың жалпы нормаларына сәйкес, егер мемлекеттер құқық бұзушылықты болдырмау немесе зорлық актілерін тергеу, кінәлілерді жазаға тарту мен өтемақы төлеу үшін тиісті дәрежеде қамқорлық көрсетпейтін жағдайларда, бұл мемлекеттерге жеке тұлғалармен жасалатын әрекеттер үшін жауапкершілік артылуы мүмкін (Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитеті, № 19-Жалпы нұсқаулар - Әйелдерге қатысты зорлық (1992 жыл)).

Мысалы: фирма жеке меншік болып табылады, кәсіпкерге өз қалауы бойынша хатшылық жұмысқа тек 25 жастан кіші қыздарды ғана жұмысқа қабылдау әрекетіне құқық берілмейтін факт. Себебі, бұл талап іс жүзінде орынды дәлел болып табылмайды.

⁶ Марек Новицкий. Адам құқықтары бойынша дәріс, © Адам құқықтары бойынша Адам құқықтары жөніндегі Хельсинки Қоры, Варшава - Польша, мына адрес бойынша алуға рұқсат: <http://protivpytok.org/biblioteka/marek-novickij-lekcija-po-pravam-cheloveka>

2. АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ КЕМСІТУШІЛІКТЕРГЕ ТЫЙЫМ САЛУ

Кемсітушілікке тыйым салу мен теңдік қағидаларының адам құқығын қорғау үшін іргелі болып табылатындығы соншалықты, олар төмендегі құжаттарды қоса алғанда, барлық негізгі халықаралық және аймақтық құқық қорғау тетіктеріне енгізілген:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы – АҚЖД (1948 ж.);
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті - ЭМХП (1966 ж.);
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (1965 ж.);
- Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы халықаралық конвенция (1966 ж.);
- Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция (1979 ж.);
- Бала құқығы туралы конвенция (1989 ж.);
- Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (2007 ж.);
- Барлық еңбекші-мигранттардың және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция (2003 ж.);
- Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Ынтымақтастығы конвенциясы⁷.

⁷ Мына адрес бойынша қол жетізуге болады: <http://www.terralegis.org/terra/act/c26.html>

3. КЕМСІТУШІЛІК ҰҒЫМЫ МЕН ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Кемсітушілік – адам құқығы саласындағы орындалуы міндетті болып табылатын бірқатар құжаттармен тыйым салынған адам құқығын бұзу. БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитеті «кемсітушілікті» былайша анықтайды⁸:

«барлық адамдардың нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүлктік, тектік-топтық немесе басқа да жағдаяттарына негізделген және барлық құқықтар мен бостандықтарды алаланбай, бірдей мойындауын, пайдалануын немесе жүзеге асыруын жоюды немесе төмендетуді мақсат тұтатын немесе соның салдары болып табылатын кез келген айырмашылықтар, айрықшалықтар, шектеулер немесе артықшылықтар».

НКЖХК-ның 1-бабында нәсілдік кемсітушіліктің келесідегідей анықтамасы беріледі:

«нәсіліне, түр-түсіне, тектік, ұлттық немесе этникалық тегіне негізделген, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени немесе қоғамдық өмірдің кез келген басқа салаларындағы адам құқықтары мен бостандықтарды алаланбай, бірдей мойындауын, пайдалануын немесе жүзеге асыруын жоюды немесе төмендетуді мақсат тұтатын немесе осының салдары болып табылатын кез келген айырмашылықтар, айрықшалықтар, шектеулер немесе артықшылықтар».

ӘКЖК-на сәйкес (1-бап):

«Әйелдерге қатысты кемсітушілік» әйелдердің отбасылық жағдайларына қарамастан олардың ерлер мен әйелдердің тең құқығы негізінде саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени немесе қоғамдық өмірдің кез келген басқа салаларындағы адам құқықтары мен бостандықтарын пайдалануын немесе жүзеге асыруын төмендетуге немесе жоққа шығаруға бағытталған жыныстық белгісі бойынша кез келген айырмашылықтарды, айрықшалықтарды, шектеулерді немесе артықшылықтарды білдіреді.

⁸ № 18 (37) Жалпы тәртіптері ескертулер 7-тармақ Кемсітпеу, UN doc. HRI/GEN/1/ Rev.5, 134-137 беттерде келтірілген. Мына адрес бойынша қол жетізуге болады: <http://www1.umn.edu/humanrts/russian/gencomm/Rhrcom18.html>

Кемсітушілік, бұл – адамдардың құқықтары мен құқықтық өкілетігін негізсіз оңтайлы саралау. Неге? Себебі, мысалы, зағип адам жүргізу куәлігіне ие бола алмайды дейтін ереже, кемсіту болып табылмайды. Бұл оңтайлы, себебі мұндай саралау биологиялық дәлелмен байланысты. Бірақ сары шашты әйелдің және цыгандардың жүргізу құқығының болуы мүмкін еместігі туралы айтылатын ереже – кемсітушілік болып табылар еді. Себебі бұл жерде оңтайлы негіздеме жоқ⁹.

3.1. Кемсітушіліктің элементтері

Адам құқықтары туралы халықаралық құжаттарға сәйкес кемсітушілік жекелеген үш элементтен тұрады:

- Құқыққа қысымшылық;
- Кемсітушілік жүзеге асырылған, кешіруге жатпайтын белгілер,
- Осындай әрекеттерге орынды және объективті негіздердің жоқтығы.

3.1.1. Құқыққа қысымшылық

Қысымшылық, бұл – топтардың немесе жекелеген адамдардың белгілі бір құқықтарын жүзеге асыруына шектеу қою. Әдеттегідей, бұл қандай да бір негізгі қызмет көрсетулерге немесе құқықтарға қол жеткізуді шектеу немесе айыру дегенді білдіреді. Белгілі бір шаралардың құқыққа қысымшылық екенін объективті түрде бағалаған жөн, мұндай жағдайда оны жүргізу мақсаттары емес, нақты салдарлары маңызды. Тәжірибеде кемсітушілік әртүрлі нысанда болуы мүмкін:

- **Өзгешелік** – мысалы, бірдей жұмыс үшін ерлерге қарағанда әйелдерге аз төлейді немесе полиция тек адамның белгілі бір дінді уағыздауы негізінде ғана оған қатыгез әрекет қолданады;
- **Айрықшалық** – мысалы, белгілі топтың адамдарына жеке басты куәландыратын құжат берілмейді немесе босқындардың балалары білім алу құқығынан айрылатын кездер.

⁹ Марек Новицкий. Адам құқықтары бойынша дәріс, ©Адам құқықтары бойынша Хельсинки Қоры, Варшава - Польша, Мына адрес бойынша қол жетізуге болады: <http://protivpytok.org/biblioteka/marek-novickij-lekciya-po-pravam-cheloveka>

- **Шектеу** – мысалы, жекелеген саяси топтардың өкілдеріне арналған жиналыстар бостандығы шектеледі не болмаса мұсылмандардың мешіттерін немесе христиандық мектептерді салуға шектеу енгізіледі.
- **Артықшылық** – мысалы, мемлекеттік қаржыландыру тек бір діннің немесе діни ағымның церковьтерімен немесе мешіттерін салуға ғана бөлінеді.
- **Сегрегация (бөліктеу)** – мысалы, мүгедек балаларды немесе рома балаларын, олардың қабілеттері мен қажеттіліктерін жоққа шығара отырып, жүйелі түрде жеке мектептерге жібереді¹⁰.
- **Орынды айла-шараларды құруға енжарлық** – мысалы, қоғамдық ғимараттардың мүгедек арбаларына таңылған адамдарға арналған пандустармен жабдықталмауы¹¹, немесе қызметкердің діни көзқарастарымен байланысты орынды қажеттіліктері ескерілмейді.

3.1.2. Кешіруге болмайтын белгілер

Кемсітушілікті анықтауға мүмкіндік беретін маңызды сала – тыйым салынған негіздің (белгінің) болуы. Атап айтқанда: егер адам кемсітушілікке ұшырадым деп санаса, қандай негізде (қандай белгі бойынша) екенін анықтап алуы қажет.

Түрлі құқық қорғау тетіктері түрлі белгілер негізінде орын алған кемсітушіліктерді қамтиды. Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысанда-

10 НКЖХК-ның 3-бабында былай келтірілген: «*қатысушы-мемлекеттер нәсілдік және апартеидтік (отансыздықты) бөліктеуді ерекше соттайды және өздерінің заңдыққұкіміндегі аумақтарда осы сипаттағы түрлі тәжірибенің алдын алуға, тыйым салуға және жоюға міндеттеме алады*». Мүгедектер құқығы туралы конвенцияның 24-бабының 2 (а) тармағында мүгедектер туралы мәселе бойыншабылай деп айтылады: «*қатысушы-мемлекеттер мүгедектердің жалпы білім беру жүйесінен шығып қалмауын қамтамасыз етеді*», ал Мүгедектер құқығы туралы конвенцияның 24-бабының 2 (а) тармағында мүгедектер туралы мәселе бойынша: «*қатысушы-мемлекеттер мүгедектердің мүгедектігі салдарынан жалпы білім беру жүйесінен, ал мүгедек-балалардың – тегін және міндетті бастауыш немесе орта білім беру жүйесінен шығып қалмауын қамтамасыз етеді*» деп көрсетілген.

11 БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясында былай айтылған: «*орынды бейімдеу*» бұл «*мүгедектердің барлық адамдардың құқықтары мен бостандықтарын басқалармен қатар бірдей жүргізуін немесе іске асыруын қамтамасыз ету мақсатында, нақты жағдайда керек болатын сәйкесіздікті немесе қисынсыз ауыртпалықты тудырмайтын қажетті және қолайлы түрлендірулер мен түзетулерді енгізу*» (2-бап).

рын жою туралы халықаралық конвенция (НКЖХК) немесе Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция (ӘКЖК) секілді кейбір тетіктер тек жекелеген белгілерді ғана қарастырады, НКЖХК тек *нәсіліне, түр-түсіне, тектік, ұлттық немесе этникалық тегіне қарай кемсітушілік мәселелеріне қолданылады, ал ӘКЖК тек жыныстық белгілері бойынша кемсітушілікке қолданылады*¹². Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (АСҚХП) секілді басқа құжаттарда белгілердің «ашық» тізімі мазмұндалған, сонымен, кемсітушілікке заңмен тыйым салынуға тиіс және қандай да бір белгі бойынша **«нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық немесе басқа да жағдаяттарына қарай болса да»** бірдей және тиімді қорғауға кепілдік берілуі тиіс¹³.

Халықаралық құқық қорғау органдарының тәжірибесі қандай да бір рұқсат етілмеген белгісі бойынша қысымшылық жасалатын жағдайлардың барлығы бірдей кемсітушілік болып табылмайтынын көрсетіп отыр. Қысым көрсетудің кемсітушілікке айналуы үшін оның мақсаты жойылмауға және ақталмауға тиіс. Ақталғандық шектерін белгілеу үшін әрбір нақты жағдайды егжей-тегжейлі талдау қажет етіледі. Мұндай талдау жергілікті бірегей ерекшеліктерді, сол сияқты құқыққа қысымшылық пайда болатын анағұрлым кең мәнмәтінін ескере отырып жүргізілуге тиіс.

Көптеген жағдайларда, егер Құқыққа қысымшылық жасау заңды (қоғамдық тәртіпті қорғау секілді) мақсатты көздейтін, алайда мұндай кездері оған жетудің нақты осы немесе басқа топтарға жағымсыз әсерін тигізбейтін баламалы құралдары бар болса, онда мұндай қысымшылық жасау үйлесімсіз деп есептеледі.

Кемсітушіліктің орын алғанын анықтау үшін, келесілерді:

әрекеттердегі айырмашылықтардың мәнін;

b) әрекеттердің мақсатты орынды және негізделген сипатының бар екенін;

c) олардың заңды мақсатының болғанын;

d) сол заңды мақсатқа кемсітушілік шараларына жүгінбестен қол жеткізуге болатындығын анықтап алу қажет.

12 НКЖХК, 1 бап және ӘКЖК, 16бап.

13 26 бап.

Әрекеттердегі айырмашылықтардың қандай белгілер бойынша жүргізілгені де маңызды. Адамдардың жынысына, этникалық тегіне, діни сеніміне, ана тіліне қарай қандай да бір іргелі құқықтарын шектеу немесе оларға қол жеткізуге қиындық туғызу ешқандай себеппен негізделмеуге тиіс және оның ешбір заңды мақсатының болуы мүмкін емес.

3.2. Кемсітушіліктің түрлері

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық кемсітушіліктің тікелей және жанама түрдегі екі нысанын ажыратады.

Тікелей кемсітушілік бір адам осыған ұқсас оқиғаға бұрын тап болған, қазір тап болып отырған немесе тап болуы мүмкін басқа адаммен салыстырғанда, нәсілдік, этникалық, діни, тілдік тиесілілігі себебінде немесе жынысының, жасының, денсаулық жағдайының, сексуалдық сәйкестену белгілері бойынша өзіне жасалған лайықсыз қатынасқа тап болатын жағдайларда орын алады. Тікелей кемсітушілік, штатты қысқарту барысында, егер кәсіпорында жұмыс жасәйкестын әйелдер мен ерлердің саны бірдей немесе көпшілігі ерлер болатын болса, тек қана немесе көбіне әйелдерді ғана босататын жағдайларда орын алады.

Тікелей кемсітушіліктің басқа мысалдары мыналар болып табылады: адамның елге келуінің заңдылығына қарай төтенше медициналық жәрдемге қол жеткізуін шектеу, ұлттық азшылықтарды көшуге және өз үйлері мен аумақтарын тастауға мәжбүрлеу, азшылықтардың тілін БАҚ пайдалануға тыйым салатын заң, ЛГБТ құқығын қорғайтын ұйымдарды тіркемеу, сонымен қатар, басқа ұйымдардың түрлерімен салыстырғанда, діни ұйымдарды тіркеудің анағұрлым күрделендірілген тәртібін белгілеу және басқалар.

Жанама кемсітушілік сырттай бейтарап ережелер, көрсеткіштер мен тәжірибе шын мәнінде, белгілі топқа тиесілі адамдарды басқа адамдармен салыстырғанда, лайықсыз жағдайға қалдыратын, осындай ережелер, көрсеткіштер мен тәжірибе заңды мақсатымен қисынды болатын, ал осы мақсатқа жетудің құралдары мақсатты орынды және қажетті болатын жағдайларды есептемеген кездері орын алады¹⁴.

14 №14 Жалпы нұсқауында ӘЖЖК былай түсіндірген: «қандай да бір әрекеттердің нәтижелерін Конвенцияға сәйкестік тұрғысынан бағалай отырып, Комитет осындай әрекеттің нәсілдік, түр-түсі, тектік, ұлттық немесе этникалық тектік белгілері бойынша ерекшеленетін белгілі бір топтарды

Мысалы, әмбебап дүкенге ұзын белдемше киген тұлғалардың кіруіне тыйым салатын әкімшілікті цыган-әйелдер немесе мұсылман-әйелдер кемсітушілік бойынша айыптай алады, себебі тәжірибеде сырт көзге бейтарап болып көрінетін мұндай ереженің өзі, дүкенге кіру жоғары деңгейде ерлерге қарағанда әйелдер үшін, сонымен қатар салт бойынша ұзын белдемше киетін белгілі этникалық және діни топтардың өкілдері үшін шектеулі екенін білідреді. Егер талап арыз беруші мұндай ереженің әйелдерді немесе белгілі топтың мүшелерін «қолайсыз жағдайға» қоятынын дәлелдей алса, бұл кемсітушілік туралы іс қозғау үшін жеткілікті болады. Мысалы, жұмысқа қабылданатын қызметкерлердің салмағы 80 кг және бойы 172 см болуы тиіс деген ереже жанама кемсітушілік болуы мүмкін. Себебі, мұндай сипаттамалар статистика тұрғысынан алғанда, әйелдерге қарағанда ерлерде жиі кездеседі, мұндай сырт көзге бейтарап болып көрінетін ереже жұмысқа әйелдерді қабылдаудан сақтануға мүмкіндік береді, алайда бұл, егер жұмыс беруші мұндай талаптың еңбектің айрықшалығына шарттасылғанын дәлелдей алмайтын жағдайда ғана кемсітушілік деп саналады.

Жанама кемсітушілікке мысал болатындар:

- балалардың жай мектептерде оқуға жарамдылығын анықтауға арналған тестілеу немесе оларды оқуында қиындығы бар балаларға арналған мектептерге жолдау тәртібі, баладан белгілі азшылықтардың балалары сөйлей алмайтын тілді меңгеруді талап ететін жағдайлар;
- қызметке тұру кезінде, біле тұра әйелдерді қанағаттандырмайтын бойға қойылатын талап;
- экскурсияға барар алдында барлық балалардан талап етілетін, дәрігерден «дені сау» деген белгі соғылған анықтама алып келу туралы мектеп ережесі, әдетте бұл мүгедектігі бар балалардың осындай экскурсияға қатыса алмайтындығын білдіреді.

Бірнеше белгілері бойынша кемсітушілік: тәжірибеде адамдар бірнеше белгілер бойынша жасалатын немесе «тоғысқан» кемсітушілікпен жиі кездесіп жатады. Бұл, адам бір мезгілде кемсітушіліктің екі (немесе одан да көп) санатына тартылатын жағдайда орын алады. Бірнеше белгілер бойынша жасалатын кемсітушілікті жеңу

орынсыз тең емес жағдайға қоймайтындығын анықтауға тырасады». Осы секілді тұрғы басқа да құқық қорғау органдарымен пайдаланылады.

үшін оның ерекшеліктерін ескерген жөн¹⁵. **Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет** «*нәсілдік кемсітушіліктің гендерлік аспектілері туралы*» Жалпы нұсқауларында нәсілдік кемсітушіліктің жиынтықты себептер бойынша әйелдер мен ерлерге қалай түрліше әсер ете алатыны туралы мәселені қарастырды:

«... әйелдер мен ерлер кемсітушілікке [нәсілдік] үнемі тең дәрежеде немесе бірдей нысанда ұшыраса бермейді. Кемсітушілік [нәсілдік] тек немесе бірінші кезекте әйелдерді ғана қозғайтын немесе әйелдердің жағдайын басқаша нысанда қозғайтын, не болмаса олардың жағдайына ерлерге қарағанда басқаша әсер ететін жағдайлар да бар. Егер әйелдер мен ерлердің өмір сүру салтындағы, қоғамдық және сол сияқты жеке өміріндегі айырмалышықтар анық мойындалмаса, онда мұндай нәсілдік кемсітушілікті көбіне анықтау мүмкін болмайды»¹⁶.

Мүгедектер жөніндегі комитет Түрікменстанға қатысты өздерінің қорытынды ескертулерінде мүгедек әйелдер мен қыз балалардың білім алу, денсаулықпен, жұмыспен қамтылу және зорлықтан қорғау құқықтарын жүзеге асыруларына жағымсыз әсерін тигізетін көптеген және көпсекторлық кемсітушіліктен олардың зардап шегетіндіктері жөнінде мазасызданатындарын білдірді және осымен байланысты Түрікменстан Үкіметіне мүгедек әйелдер мен қыз балалардың құқықтарын көтермелеу мен қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы осы топтарды кемсітуді түп тамырымен жою мақсатындағы жағымды кемсітушілік шараларын қоса алғанда, тиімді бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруды, сонымен қатар даму саласындағы бағдарламалар шегінде тиісті есептің жүргізілуін қамтамасыз етуді тапсырды¹⁷.

15 Мысалы, БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясының 6 бабында былай делінген: «Қатысушы-мемлекеттер мүгедек әйелдер мен мүгедек қыз балалардың көптеген кемсітушілікке ұшырайтындарын мойындайды және осымен байланысты адамның барлық құқықтары мен бостандықтарын олардың толықтай және тең жүзеге асырын қамтамасыз етуге арналған шараларды қолданады».

16 БҰҰ-ның Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитеті, нәсілдік кемсітушілік саласындағы гендерлік мәселемен байланысты №25 жалпы нұсқауы, 56-шы сессия, 2000 ж., 1-тармақ.

17 Түрікменстанның бастапқы баяндамасы бойынша қорытынды ескертулер, мамыр 2015, 11-12 тармақтар. Құжат: CRPD/C/TKM/CO/1.

3.3. Жағымды әрекеттер

Кемсітушілікке, әсіресе оның жанама және жасырын түрлеріне қарсы күрес жүргізу үшін, кейбір елдер тарихи және жаппай қамтитын кемсітушілікті бастарынан кешірген белгілі топқа немесе топтарға әдейі артықшылық жасәйкестын аффирматикалық (жағымды) деп аталатын әрекеттерді қабылдады (мысалы, университетте сирек оқитын топтардың кандидаттарына артықшылық беру немесе азшылықтардың әйелдеріне немесе ауылдық тұрғындарына белгілі ресми лауазымдарды атқаруға квота белгілеу). Жағымды әрекеттерге мемлекттік аппарат қызметінің кез келген деңгейіндегі заңнамалық, атқарушылық, әкімгершілік, бюджеттік және нормативтік құралдардың бүкіл жиынтығы, осы құралдардың негізінде әзірленген және жүзеге асырылатын, жұмысқа орналастыру, баспанамен қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және қоғамдық өмірге араласу саласында ғаріп топтарға қолданылатын саясатты, бағдарламалар мен пұрсатты тәртіптер жатады.

Түрлі мемлекеттер жағымды әрекеттерді түрліше атайды: «квота белгілеу», «жағымды әрекеттер», «жағымды шаралар», «кері кемсітушілік», «жағымды кемсітушілік», «уақытша арнайы шаралар». Адам құқықтары саласындағы халықаралық нормалардың мән-мәтінінде «жағымды кемсітушілік» *contradictio in terminis* болып табылады, және одан сақтану қажет.

Ерекше шаралар:

- түзетуге жататын жағдайдың қыр-сырын ескеруге;
- заңды сипатта болуға;
- демократиялық қоғамға қажетті болуға;
- әділдік пен үйлесімділік қағидаларына сәйкес келуге; және
- уақытша негізде қабылдануға тиіс.

Белгіленген нәтиже – жасырын кемсітушілікті өтеу, сонымен қатар барынша теңдестірілген әлеуметтік өкілдікті қамтамасыз ету. Басқа жағдаяттарда жағымды шаралар белгілі қиындықтары бар (мысалы, физикалық ісәрекетке қабілетсіз) адамдар үшін осындай құқықтар мен мүмкіндіктерді жүзеге асыру мақсатында жағдай жасауды білдіреді. Жағымды шаралардың басқа нысаны бұрынғы әділетсіздікті түзетуге бағытталған. Барлық осы шаралар мен тәжірибе «теңсіздік арқылы»

теңдікті қолдауды мақсат тұтады. Мұндай шаралар **уақытша** болуға тиіс, яғни шараларды енгізу мақсатына қол жеткенде алынып тасталуы тиіс.

Сонымен, заңды мақсаты және қажетті артықшылығы бар мақсатқа бағытталған сипаттағы әрекеттер, ресми түрде оның кейбір белгілері болғанның өзінде де, кемсітушілік болып табылмайды. Сондықтанда, атап айтқанда жағымды әрекеттер мен жағымды шаралар туралы айтқан орынды болады. Әйелдерді немесе мүкгедектерді заңмен белгіленген квота бойынша жұмысқа қабылдау ерлерді кемсіту болып табылмайды, әйелдер үшін университетке қабылдаудың ерекше ережелерін, тіптен әйелдер мен ерлердің білім деңгейлерін теңестіру уақытына дейін белгілеу, ерлерді кемсітушілік емес, этникалық азшылықтардың немесе саны аз жергілікті халықтардың өкілдері үшін заңнамалық жиналыстарына квота белгілеу кемсітушілік болып табылмайды. Нақты теңдікті белгілеуге бағытталған әлеуметтік шаралар да кемсітушілік емес, мысалы, тұрмысы төмен отбасылардың балаларына арналған жәрдемақыларды, табыстары ең төмен адамдардың зейнетақыларына ең төменгі күнкөріс деңгейіндегі қосымша ақы енгізу.

3.4. Кемсітпеушілік құқығын қорғау¹⁸

Осының алдында қарастырылған кемсітушілікке тыйым салатын, орындалуы міндетті болып табылатын халықаралық құқықтық нормалар мемлекеттерге түрлі талаптар қояды. Осы бөлімде бұл стандарттардың тәжірибелік мәні талқыланады. Бұл жерде кемсітушілікті жою үшін мемлекеттер қабылдауға міндетті болатын шаралар сипатталады, сонымен қатар нақты теңдікті бекіту үшін аса маңызды болып табылатын қосымша шаралар мен ұсынылатын әрекеттер келтірілген. Халықаралық құқық аясында мемлекеттерге жүктелетін міндеттемелерді үлкен үш топқа бөлуге болады. Мемлекеттер міндетті:

- кемсітушіліктен бостандықта болу құқығын **сақтауға** – бұл, мемлекетте құрылған заңдар мен тәртіптердің кемсітушілік сипатта болмауы тиіс екенін білдіреді.
- кемсітушіліктен бостандықта болу құқығын **қорғауға** – бұл дегеніміз, адамдарды үшінші тұлғалардың тарапынан жаса-

18 Осы бөлімде Amnesty International «Айырмашылықтарды жеңе отырып – Еуропадағы кемсітушілікке қарсы күрес тұжырымдамасы» материалдары пайдаланылды. Алуға рұқсат: http://amnesty.org.ru/sites/default/files/Dealing_with_difference_ru.pdf

латын кемсітушіліктен қорғауға кепілдік беру үшін олардың заңдардың сақталуын тиімді реттеу мен бақылауды жүзеге асыруға міндетті екенін білдіреді.

- кемсітушіліктен бостандықта болу құқығын **жүзеге асыруға**, мемлекеттен кемсітушіліктен бостандықта болу құқығын толық жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қажетті заңнамалық, әкімгершілік, бюджеттік, соттық және түсіндіру шараларды қабылдауды талап етеді¹⁹.

Кемсітушіліктен бостандықта болу құқығын сақтау қажеттілігі мемлекеттен құқықтарды бұзудан тартынуды талап етіп қана қоймай, оларды мемлекеттік құрылымдардағы кемсітушілікті, жекелеп алғанда, полициядағы институционалдық нәсілдікті немесе мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қоғамдық қызмет көрсетулерге мүмкіндіктерінің жоқтығын анықтау мен жою үшін нақты шаралар қолдануға міндеттейді. Мемлекеттер сондай-ақ билік органдарымен немесе олардың келісімдерімен немесе салғырттығынан жасалатын кемсітушілік фактілері бойынша тергеу жүргізуге, сонымен қатар кінәлілерді жазалауға және зардап шеккендерге құқықтық қорғау құралдарын ұсынуға міндетті.

Мемлекеттер кемсітушіліктен өздері ғана тартынып қоймай, адамдардың үшінші тұлғалар тарапынан жасалатын кемсітушіліктен **қорғалуын** қадағалауға тиіс. Бұл дегеніміз, мемлекеттер тиімді заңдар мен саяси шараларды енгізу, сонымен қатар жеке сектордағы кемсітушілік жағдайларында залалды өтеу мен санкцияларды қолдану жолдарын ұсыну арқылы жеке және мемлекеттік емес субъектілер тарапынан кемсітушілікті болдырмауға адал түрде ұмтылулары тиіс.

Кемсітушіліктен бостандықта болу құқығын **жүзеге асыру** міндеттемесі мемлекеттен осы құқықты тәжірибеде, мемлекеттік және сол сияқты жеке секторларда да шын мәнінде қолдануға мүмкіндік беретін қадамдарды қабылдауды талап етеді. Бұл жаппай кемсітушілікті анықтауға, оның себептерімен күресуге және оның жаңадан көрініс табуын болдырмауға бағытталған шаралардың көмегімен кемсітушілікке жол бермеу міндетін білдіреді.

19 Бұл сыныптама шарттардың орындалуын бақылайтын органдармен, сонымен қатар адам құқықтарының сақталуын қадағалайтын аймақтық құрылымдармен мойындалады. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар бойынша Жалпы тәртіптегі ескертулерді қараңыз.

Тәжірибеде нақты міндеттер әдетте, бірден осындай бірнеше санаттарға жатқызылады. Халықаралық құқық мемлекеттерден кемсітушілікті жою мен теңдікті нығайту мақсатында, көбіне бір мезгілде бірнеше қызметті атқаратын барынша түрлі шараларды қабылдауды талап етеді.

Кемсітушіліктен бостандықта болу құқығын сақтау

Кемсітушіліктен бостандықта болу құқығын сақтау міндеті мемлекеттерге жағымды, сол сияқты жағымсыз міндеттерді де жүктейді. Бұл дегеніміз, мемлекеттер кемсітушіліктен тартынуға, сол сияқты кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі өзінің қызметін орындауға бағытталған нақты қадамдар жасауға міндетті дегенді білдіреді.

КЕМСІТУШІЛІКТЕН БАС ТARTY

халықаралық құқықта мемлекеттерге қойылған негізгі талаптардың бірі, барлық мемлекеттік органдар мен институттардың ұлттық, сол сияқты жергілікті деңгейде тікелей немесе жанама түрде кемсітушілікке алып келетін әрекеттерді жасамауын қамтамасыз ету дегенді білдіреді. Бұл үшін мемлекеттер барлық төмендегі шараларды қолдануға тиіс:

- заңнамалар, нормативтік актілер мен стандарттар кемсітушілікке жол бермеуге және жалғастырмауға;
- барлық мемлекеттік институттар мен лауазымды тұлғалардың заңдарды қолдану, қызметтерді көрсету және кез келген басқа қызметтерді орындау жөніндегі жұмыс әдістері кемсітушілік болып табылмауға.

4. КЕМСІТУШІЛІК НЕГІЗДЕРІ

АСҚХП-нің 26 кемсітушілік тыйым салынған әлеуетті белгілердің тізбесі мазмұндалған. Бұл тізбеде төмендегілер қамтылған:

- нәсілі;
- түр-түсі;
- жынысы;
- тілі;
- діні;
- саяси немесе басқа да наным-сенімдері;
- ұлттық немесе әлеуметтік тегі;
- мүліктік жағдайы;
- тектік немесе;
- басқа да жағдайлар.

Көрсетілмеген белгілер ('басқа да жағдайлар') төмендегілерді қамтиды, бірақ осымен аяқталмайды:

Отбасылық жағдайы

Кәсіби мәртебесі

Сексуалдық сәйкестенуі

Әскери атағы

Некеде немесе некеден тыс тууы

Мүгедектігі

4.1. Жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік

Жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік жер-жерде таралған болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары, отбасы, балалар күтімі жөніндегі институттар немесе мектептер секілді көптеген қоғамдық институттар, ерлер мен әйелдер туралы таптаурындарды сақтайды және таратады. Батыс қоғамындағы жыныстың дәстүрлі бітістері көбіне билікке байланысты болып келеді: ерлер және олардың әдетте айналысатын істері ашық, күшті, өндірімді, батыл, маңызды, қоғамға бағдарлы, ықпалды және жоғары қаржылық сыйақылар мен әлеуметтік құрметке және маңызға ие. Әйелдердің басты сипаттамалары әлсіздігінен көрініс табады: тәуелді, қамқоршы, енжар және отбасына бағытталған. Әйелдер көбіне бағынушы тұрғыны ұстанады, олардың жұмысы төмен бағаланады және қадірленуі мен алатын сыйақысы төмен.

Халықаралық құқық қорғау стандарттарының өлшемдері бойынша жыныстық белгісі бойынша жасалатын зорлық пен қанаушылық – кемсітушіліктің ең қауіпті нысандары. Алайда, бұл мәселелердің жеткілікті дәрежеде түсіндірілмегендігі мен заңнамалық және тәжірибелік қорғау құралдарының әлсіздігінен миллиондаған әйелдер бұрынғысынша тұрмыстық зорлықтан және онымен байланысты адам құқығының бұзылуынан зардап шегуде²⁰. Әйелдер сондай-ақ адам саудасы мен кіріптар еңбек құрбанына, әсіресе сексуалдық қанаушылық мақсаттарында жиі ұшырайды. Көбіне бұл әйелдерге қатысты кемсітушіліктің салдары болып табылады.

БҰҰ-ның ОА елдеріне қатысты халықаралық құжаттары мен шарттық органдарының нұсқаулары

Адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құқықтың нормалары жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікке тыйым салады және азаматтық, мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік құқықтарды әйелдер мен ерлердің бірдей жүзеге асыруына берілетін кепілдікті қамтиды. БҰҰ-ның **Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясының 15 (1) бабында**²¹ мемлекеттер әйелдер мен ерлерге тең құқықтық мәртебе беруге тиіс деп анық айтылған, Конвенцияның 2 бабы осы мемлекеттерге «қажет болатын жерде, санкцияларды қоса алғанда, әйелдерге қатысты бүкіл кемсітушілікке тыйым салатын тиісті заңнамалар мен басқа да шараларды қабылдау» міндетін жүктейді.

Жұмыс орнындағы емінушілік сондай-ақ кемсітушілік ретінде бағалана алады. Сонымен, №19 жалпы нұсқаудың 17 және 18 тармақтарына сәйкес жұмыспен қамту саласындағы теңдік құқығына, әйелдер гендерлік зорлыққа тап болатын кездері елеулі түрде қысым жасалуы мүмкін, мысалы, физикалық байланыс пен жабысу, сексуалдық сипаттағы жанама ескертулер мен сөзбен айтылған немесе әрекеттермен жасалған жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеу секілді қалауынан тыс сексуалдыққа ынталандыруды қамтитын, жұмыс орнындағы сексуалдық емінушілік. Мұндай мінез-құлық қорлауы және

20 Әйелдерге жасалатын зорлыққа қарсы күрес саласындағы мемлекеттің негізгі міндеттемелері туралы Amnesty International «құқықты шындыққа айналдыру: мемлекеттердің әйелдерге қатысты зорлыққа қарсы күрес жүргізу міндеттемелері» атты баяндаманы оқыңыз, индексі: АСТ 77/049/2004.

21 Бас Ассамблеяның 34/180 қарары 1979 жылы 18 желтоқсанда қабылданды. Мына адрес бойынша алуға рұқсат: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cedaw.shtml

денсаулық пен қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін. Әйел, егер қарсылық білдірсем, жұмысқа жалдауды немесе қызмет бабымен көтерілуді қоса алғанда, жұмыспен қамту саласындағы өзімнің жағдайыма залалы тиюі немесе осындай мінез-құлық жұмыс орнында өшпенділікті тудыруы мүмкін деп негізді күдіктенетін болса, ол кемсітушілік болып табылады²².

Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою туралы комитеті, Тәжікстандағы «Әйелдер мен ерлердің теңдігінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заңмен кемсітушілік жыныстық белгісі бойынша қамтылғанын, бірақ кемсітушіліктің анықтамасына тікелей немесе жанама кемсітушілік енгені жайлы айтып өтті. Комитет өзінің Конституциясына немесе басқа да тиісті ұлттық заңнамаларына Конвенцияның 1-бабына сәйкес әйелдерге қатысты мемлекеттік және жеке секторлардағы тікелей немесе жанама кемсітушілікті қамтуға тиісті болатын, кемсітушіліктің жалпыны қамтитын құқықтық анықтамасын енгізуді ұсынды²³.

ӘКЖК осыған ұқсас ескертулерді Қазақстанға қатысты 2014 жылы қабылдаған болатын²⁴. Тәжікстандағы әйелдерге қатысты кемсітушіліктің елдің Конституциясында белгіленген анықтамасы тек азаматтық құқықтарға қатысты берілгендіктен Конвенцияның 1-бабына сәйкес келмейді. Осымен байланысты ӘКЖК Түркіменстанның Үкіметіне Конституцияға немесе Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік кепілдіктер туралы заңға адамның барлық құқықтарына қолданылатын теңдік қағидасын, азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды және әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің Конвенцияның 1-бабына сәйкес анықтамасын қоса енгізуге ұсыныс жасады²⁵.

22 http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/treatybodyexternal/Download.aspx?symbolno=INT/CEDAW/GEC/3731&Lang=en

23 Тәжікстанның жиынтықты төртінші және бесінші кезеңді баяндамалары бойынша қорытынды ескертулер, 9-10 тармақтар. Құжат: CEDAW/C/TJK/CO/4-5

24 Қазақстанның біріктірілген үшінші және төртінші кезеңді баяндамалары бойынша қорытынды ескертулер, 10-11 тармақтар, Құжат: CEDAW/C/KAZ/CO/3-4

25 Комитеттің елу үшінші сессиясында қабылданған Тәжікстанның үшінші және төртінші кезеңді баяндамаларына қатысты қорытынды ескертулер (1–19 қазан 2012 жыл), 12-13 тармақтар. Құжат: CEDAW/C/TKM/CO/3-4 Мына адрес бойынша алуға рұқсат: http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/TreatyBodyExternal/Countries.aspx?CountryCode=TKM&Lang=EN

БҰҰ-ның Әйелерге қатысты кемсітушілікті жою туралы комитетпен қарастырылған көптеген істердің әйелдерге қатысты зорлыққа қатысы бар, бұл жерде билік тиісті заңнамалар мен кемсітушілік нысандарының бірі ретінде әйелдерге қатысты зорлыққа тыйым салатын санкцияларды қоса алғанда, басқа да шараларды қолданбаған; әйелдердің құқығын ерлермен теңдік негізінде заңдық қорғау белгіленбеген және құзырлы соттардың және басқа да мемлекеттік мекемелердің көмегімен әйелдерді кемсітушіліктен тиімді қорғау қамтамасыз етілмеген; әйелдерге қатысты кемсітушілік актілер мен әрекеттерді жасаудан тартынбаған және мемлекеттік органдар мен мекемелердің осы міндеттемеге сәйкес әрекет етуі қамтамасыз етілмеген; кез келген тұлғаның, ұйымның немесе кәсіпорынның тарапынан әйелдерге қатысты жасалатын кемсітушілікті жою үшін барлық тиісті шаралар қабылданбаған; әйелдерге қатысты кемсітушілікті білдіретін қаулыларды, салттар мен тәжірибені өзгерту немесе жою үшін қолданыстағы заңнамаларды қоса алғанда, барлық тиісті шаралар қабылданбаған²⁶. Анна Белоусова Қазақстанға қарсы істе²⁷ хабарламаның авторы бастауыш мектепте техникалық қызметкер болып жұмыс жасаған. Мектептің жаңа директоры лауазымына кіріскеннен кейін оның жұмысын жалғастыруы өзінің онымен интимдік байланысқа түсуіне тәуелді, алкері жағдайда ол ірі көлемдегі ақша сомасын төлеуге тиісті болатынын бүркемелеп жеткізген. Хабарламаның авторы өз құқығын қорғау үшін түрлі мемлекеттік органдарға жүгінеді, бірақ еш нәтижесіз. БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитеті ӘКЖК бұзылғанын тауып өзінің №19 Жалпы нұсқауының 6 тармағына сәйкес «кемсітушілік» ұғымы Конвенцияның 1-бабында анықталған мәніне сәйкес, басқалармен бірге психикалық немесе сексуалдық сипаттағы залал мен азап шектіретін әрекеттерді қоса алғанда, әйелдерге қатысты гендерлік зорлықты қамтитынын, осындай әрекеттер мен мәжбүрлеу қаупін білдіретінін еске салды. Мұнан өзге осы нұсқаудың 17 тармағына сәйкес жұмыспен қамту саласындағы теңдік әйелдер жыныстық белгісіне қарай зорлыққа, мәселелн, жұмыс орнындағы сексуалдық емінушілік ұшырағанда елеулі түрде бұзылуы мүмкін, және осындай кемсітушілік үкіметпен немес еоның атынан қабылданатын шаралармен шектелмейді. Мемлекет жеке адамдардың әрекеттері үшін де жауапкершілікті атқара алады, егер олар құқықтардың бұзылуын болдырмау немесе зорлық актілерін тергеу мен оларды жазалау, сонымен қатар өтемақы ұсыну үшін тиісті дәрежеде сақтық танытпайтын болса.

ӘКЖК тәжірибесіне сәйкес әйелдерге қатысты кемсітушілікке жол бермеуге негізделген маңызды кепілдік, қамаудағы әйелдерді бақылауды әйел жынысты тұлғалардың жүзеге асыруын қамтамасыз

26 X және Y Грузияға қарсы істер бойынша Комитеттің шешімін қара (№ 24/2009) және Шахид Гекче Австрияға қарсы (№ 5/2005). ӘКЖК тәжірибесі мында: <http://juris.ohchr.org/ru/search/results?Bodies=3&sortOrder=Date>

27 <http://juris.ohchr.org/ru/search/results?Bodies=3&sortOrder=Date>

етуді білдіреді. Сонымен, Қамаудағылармен қатынастың Ең төменгі ережелерінің 53 ережесіне сәйкес:

«1) Ерлер және сол сияқты әйелдер ұсталатын мекемелерде, әйелдер бөлімі, қолында осы бөлімге кіргізетін кілт болатын жауапты әйел жынысты қызметкердің қарамағында болуы тиіс.

2) Ер жынысты қызметкерлерге әйелдер бөліміне кіруге тек әйел жынысты қызметкерлердің ілесіп жүруімен рұқсат етіледі.

3) Қамаудағы әйелдердің шаруасы мен оларды бақылауды тек әйел жынысты қызметкерлерге ғана жүктеу керек».

Мұнан өзге қамауда ұстау жағдайлары әйелдердің қажеттіліктері үшін икемделген болуы тиіс. ӘКЖК Инга Абрамова Беларусьқа қарсы іс (№ 23/2009) бойынша шешімінде Конвенцияның бұзылғанын тапты, хабарламаның авторын СИЗО-да ұстаған уақытта ондағы қызметкерлердің барлығы ерлер болған, жағдай әйелдерді ұстауға икемделмеген (мысалы, қызметкер ер адамдар оны есіктің тесігінен және бейнекамералар арқылы бақылаған, оның ішінде ол киімін ауыстыратын және дәретхананы пайдаланған кездері), ал мұнан өзге автор сексуалдық емінуге тап болған²⁸.

4.2. Нәсілі, түсі немесе, этникалық тегі бойынша кемсітушілік

Нәсілдік және этникалық кемсітушілік жағдайлары күнделікті орын алып отырады, нәсілдік пен төзімсіздік, жекелеген тұлғаларды негіз қалаушы қағидалар мен кемсітпеу құқықтарынан айырып және этникалық жек көрушілікті тұтандыруға ықпал ете отырып, адамдар мен қауымдастықтардың өмірін бұзады.

БҰҰ-ның шарттық органдарының ОА елдеріне қатысты халықаралық құжаттары мен нұсқаулары

2001 жылғы Нәсілдікке қарсы күрес бойынша Бүкіл әлемдік конференцияда нәсілдікке қарсы күрес, нәсілдік кемсітушілік, ксенофобия (үргелектік) және олармен байланысты төзімсіздік бойынша анағұрлым ықпалды және жан-жақты бағдарлама – **Дурбанск декла-**

²⁸ <http://juris.ohchr.org/ru/search/results/2?sortOrder=Date&typeOfDecisionFilter=0&countryFilter=0&treatyFilter=0>

рациясы және Әрекеттер бағдарламасы²⁹ қабылданған болатын. 2009 жылдың сәуірінде Дурбанск үдерісіне шолу бойынша Конференцияда нәсілдікке қарсы күрес бойынша қол жеткен нәтижелер талқыланды және қатысушылар алда әлі де көп нәрсе жасау керек деген шешімге келді. Конференциядағы күмән тудырмайтын ең ірі жетістік – нәсілдікке қарсы күрес бойынша халықаралық міндеттеме қайта қалпына келген еді.

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Халықаралық Конвенция қатысушы-мемлекеттердің міндеттемелерін анықтайды³⁰:

а) нәсілдік үстемдікке немесе жек көрушілікке негізделген идеяларды түрліше тарату, сонымен қатар кез келген нәсілге немесе түр-түсі немесе этникалық тегі өзгеше бір топ адамдарға қарсы бағытталған барлық зорлық пен арандатушылық актілері, сонымен қатар нәсілдік іс-әрекетті өткізуге, оның ішінде қаржыландыруды қоса алғанда, кез келген көмек түрін ұсыну **заң бойынша жазаланатын қылмыс деп жариялау**;

б) нәсілдік кемсітушілікті және оған арандатушылықты көтермелейтін ұйымдарды, сонымен қатар ұйымдасқан және басқа да уағыздаушы іс-әрекеттерді **заңға қарсы деп жариялау** және осындай ұйымдарға немесе осындай іс-әрекеттерге қатысуды заңмен жазаланатын қылмыс ретінде мойындау;

с) ұлттық немесе мемлекеттік жергілікті билік органдарына нәсілдік кемсітушілікті немесе оған арандатушылықты **көтермелеуге рұқсат етпеу** (*Конвенцияның 4-бабы*).

Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет өзінің жалпы тәртіптегі ескертулерінде гендерлік саланы былайша атап өтті:

Нәсілдік кемсітушіліктің кейбір нысандары жыныстық тегі салдарынан әйелдерге қарсы бағытталуы мүмкін, мысалы, нақты нәсілдік немесе этникалық топқа тиесілі әйелдерге, қамаудағы әйелдерге қатысты немесе қарулы кикілжіңнің барысындағы сексуалдық зорлық; жергілікті халықтар қатарындағы әйелдерді мәжбүрлі түрде ұрықсыздандыру; бейресми секторда немесе үй қызметкері ретінде қызмет ететін әйелдерге қатысты өздерін жалдаған шетелдіктер тарапынан асыра пайдаланушылық.

29 <http://www.un.org/ru/ga/durbanmeeting2011/ddpa.shtml>

30 Бас Ассамбляның 1965 жылы 21 қарашада2106(XX) қарарымен қабылданды, http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/raceconv.shtml

Расовая дискриминация может иметь последствия, которые затрагивают в пеНәсілдік кемсітушіліктің, бірінші кезекте немесе тек қана әйелдерге ғана қатысты, мәселен, нәсілдік негізде зорлау нәтижесіндегі жүктілік секілді салдары болуы мүмкін; мұндай жағдайда кейбір қоғамдарда осындай зорлаудың құрбаны болып табылатын әйелдер аластатылып қуғындауға ұшыраулары мүмкін³¹. **Нәсілдік кемсітушіліктің гендерлік аспектілері туралы ӘКЖК Жалпы нұсқауларының 2 тармағы (2000 ж.)**³²

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою жөніндегі комитет өзінің соңғы ескертулерінде Қазақстанға өзінің мазасыздығын білдірді, себебі мемлекет барлық саладағы кемсітушілікті болдырмау мен жол бермеу үшін бәрін сыйдыратын, жекелеп алғанда, нәсілдік белгілері мен этникалық тегі бойынша тікелей және сол сияқты жанама кемсітушілікті қамтитын заңды қабылдамады, бұл нәсілдік кемсітушілік құрбандарының әділ сот органдарына қол жеткізуін қиындатады. Комитет Қазақстанға нәсілдік кемсітушілік құрбандарының әділ сот органдарына және құқықтық қорғау құралдарына шын мәнінде қол жеткізе алуларын қамтамасыз ету мақсатында, кемсітушіліктің тікелей және жанама түрлерінің анықтамаларын қоса алғанда, бәрін сыйдыратын кемсітушілікке қарсы заңнаманы қабылдау үшін бар күшін салуды жалғастыруға нұсқау жасады. Комитет сондай-ақ, халықтың, жекелеп алғанда, азшылықтар арасында кемсітушіліктің не екені және нәсілдік кемсітушілікке ұшырайтын адамдар үшін құқықтық қорғау құралдары туралы тиісті ақпаратты таратуға өтініш жасады³³.

Тәжікстандағы Комитет елде нәсілдік кемсітушілікке арандаушылық пен нәсілдік мотивтер бойынша зорлық актілері үшін қылмыстық жауапкершіліктің қарастырылмағанына өзінің өкінішін білдірді және нәсілдік кемсітушілікке қарсы күрес үшін өз заңнамасын қайта қарауға ұсыныс жасады³⁴.

НКЖК-ның ережелері нәсілдік кемсітушілік туралы істерді қарастыру кезінде соттармен тікелей пайдаланылуы мүмкін, бұл тәжірибеде

31 Остракизм, бұл – қуғындау, сілтеме; қуу, аластау.

32 http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/treatybodyexternal/TBSearch.aspx?Lang=en&TreatyID=6&DoctypeID=11

33 Қазақстанның біріктірілген алтыншы және жетінші кезеңді баяндамалары бойынша қорытынды ескертулер, наурыз 2014, 6-тармақ. Құжат: CERD/C/KAZ/CO/6-7 Мына адрес бойынша алуға рұқсат: http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/TreatyBodyExternal/Countries.aspx?CountryCode=KAZ&Lang=EN

34 Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитеттің өзінің сексен бірінші сессиясында (2012 жылы 6-31 тамыз) қабылдаған Тәжікстанның алтыншы-сегізінші кезеңді баяндамалары бойынша қорытынды ескертулері. 10-т. Құжат: CERD/C/TJK/CO/6-8

көбіне қолданыла бермейді. Сонымен, мысалы, Түрікменстан мен Тәжікстанға қатысты Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет қатысушы-мемлекеттердің құқықтық жүйесінде, соттар мен әкімгершілік органдарында Конвенция ережелерінің тікелей және жанама түрде қолданылатыны туралы куәландыратын істер жайлы ақпаратты қоса алғанда, Конвенцияның қолданылатыны жайлы ақпараттың жоқтығына мазасыздықтарын білдіреді. Комитет қатысушы-мемлекетті өзінің келесі кезеңді баяндамасында соттар мен әкімгершілік органдарында Конвенцияның қолданылатынына нақты мысалдар келтіруіне өтініш жасады³⁵.

4.3. Дінге қатыстылық белгілері бойынша кемсітушілік

Дін немесе нанымдар негізіндегі төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық нысандарын жою мәселелеріне Бас Ассамблеямен қабылданған БҰҰ 63/181 Қарар арналған болатын. 2009 жылдың наурызында бұл қарар дінге қатыстылық негізіндегі кемсітушілік мәселесіне байланысты жалпы мазасыздықты білдірді және қатысушы мемлекеттерге нақтышараларды қолдануға нұсқау жасады³⁶.

Дін немесе нанымдар негізіндегі кемсітушілік көбіне белгілі дінді немесе нанымдарды уағыздайтын кейбір қауымдастықтарды қуғынға ұшыратуды және олардың денсаулық сақтау, қоғамдық білім беру қызметтеріне немесе мемлекеттік шеңдерге қол жеткізулерін шектеуді мақсат тұтатын саналы мемлекеттік саясаттан туындайды. Мемлекеттер дін немесе нанымдар негізінде жеке адамдарға немесе бір топ адамдарға қатысты кемсітушіліктен тартынуға міндетті (**құрметтеу міндеттемесі**); осындай кемсітушіліктерді сондай-ақ мемлекеттік емес субъектілер тарапынан жасалуына ескерту (**қорғау міндеттемесі**); тәжірибеде әрбір адамның өз аумағында қандай да бір түрдегі

35 Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитетінің Тәжікстанға қатысты қорытынды ескертулері, сәуір 2012 жыл, 11 т. Құжат: CERD/C/TKM/CO/6-7 Мына адрес бойынша алуға рұқсат: http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/TreatyBodyExternal/Countries.aspx?CountryCode=TKM&Lang=EN Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитеттің Тәжікстанға қатысты қорытынды ескертулері, қазан 2012 жыл, 9 т. Құжат: CERD/C/TJK/CO/6-8 Мына адрес бойынша алуға рұқсат: <http://khit.tj/rus/wp-content/uploads/2015/12/6-8-ZR-po-rasovoy-diskriminacii-2012.pdf>

36 БА қабылданған қарар, 18 желтоқсан 2008 жыл, 63/181. Төзімсіздік пен дін немесе наным-сенімдер негізіндегі кемсітушіліктің барлық нысандарын жою. Құжат: A/RES/63/181. Төзімсіздік пен дін немесе наным-сенімдер негізіндегі кемсітушіліктің барлық нысандарын жою: <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N08/481/67/PDF/N0848167.pdf?OpenElement>

кемсітушіліксіз барлық адамдар құқықтарын пайдалануын қамтамасыз ету үшін шараларды қолдану (жүзеге асыру міндеттемесі)³⁷.

БҰҰ-ның шарттық органдарының ОА елдеріне қатысты халықаралық құжаттары мен нұсқаулары

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 18-бабында және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 18-бабында дін мен нанымдар бостандығы құқығының негізгі элементтері анықталады. Бұл бап әркімнің ойлау, ар-ождан мен дін бостандығы құқығын қорғайды. Бұл құқыққа дінді немесе нанымды өз қалауы бойынша иелену немесе қабылдауды және өзінің діні мен наным-сенімдерін жеке дара, сол сияқты басқалармен бірлесіп жеке немесе жаппай тәртіпте, дін ғұрпын атқаруда, діни және ғұрыптық әдет-ғұрыптар мен оқуларды орындауда уағыздау бостандығын қамтиды.

Ой мен ар-ождан бостандығы шектелмейді және бұнымен бірге дінді немесе наным-сенімдерін уағыздауға тек:

- заңмен белгіленген;
- жоғарыда тізілген мақсаттардың бірін қорғаушыларға (қоғамдық қауіпсіздік, тәртіп, денсаулық, және мораль, сол сияқты басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтары);
- осы мақсаттарға жету үшін қажетті болатын шектеулер қойылады.

«Заңмен белгіленген» деген анықтама шектеу парламентпен қабылданған, ресми жалпы абстрактілі бекітілуге тиіс дегенді білдіреді.

Кілігу қажет етіледі: басқа тұлғалардың құқықтары мен абыройын қорғау үшін және мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығын немесе адамгершілігін қорғау үшін. Қажеттілік талабы шектеудің өзінің қаталдығы мен қарқындылығына қарай нақты мақсаттарға үйлесімді болуы тиіс және ереже болып орнықтауы тиіс.

37 Арнайы баяндамашының Асма Джахангирдің діні мен наным-сенімдерінің бостандығы туралы мәселе бойынша баяндамасы*, 6 қаңтар 2009 жыл. Құжат: А/НRC/10/8 , стр. 3. Мына адрес бойынша алуға рұқсат: <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/G09/101/06/PDF/G0910106.pdf?OpenElement>

Ойлау, ар-ождан мен дін бостандығы барлық мәселлер бойынша ой бостандығын, сонымен қатар адамның көзқарасы мен жеке дара және басқалармен бірлесіп уағыздайтын дінге немесе наным-сенімдеріне шынайы берілгендігін қамтиды.

АСҚХП теистік, теистік емес және атеистік нанымдарды, сонымен қатар ешбір дінді немесе нанымды уағыздамау құқығын қорғайды. «Нанымдар» мен «дін» ұғымдары кеңінен түсіндірілуге тиісті. 18 баптың ережелерін қолдану дәстүрлі діндермен немесе ұйымдық нысандары бойынша немесе тәжірибеде дәстүрлі діндерге ұқсас діндермен немесе нанымдармен шектелмейді. Осымен байланысты Комитетті кез келген діндерді немесе діни сенімдерді кез келген негізде кемсітушіліктің кез келген ағындары мазасыздандырады, оның ішінде олар жаңадан құрылған болып табылатындықтан немесе оларды діни қауымдардың көпшілігі өшпенділікпен қарайтын діни азшылықтар уағыздайтын себеппен.

Комитет, егер кемсітушілік сипатындағы өзгешеліктері мен ата-аналар мен қамқаршылардың жағдайын ескеретін баламалары қарастырылмаса, қандай да бір нақты дін немесе діни сенім саласындағы оқуды қамтитын мемлекеттік білім беру 18 баптың 4 тармақтарының ережелеріне сәйкес келмейтінін атап көрсетеді.

Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Комитетінің №22 Жалпы тәртіптегі ескертулері 18 бап (қырық сегізінші сессия, 1993 жыл)³⁸.

Кемсітпеушілік қағидасы Дін мен сенімдер негезіндегі төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Декларацияның 2, 3 және 4 баптарында егжей-тегжейлі қарастырылады. Жекелеп алғанда, Декларацияның 2 бабының 1 тармағында «ешкім де мемлекеттің, мекеменің, бір топ адамдардың немесе жекелеген тұлғалардың тарапынан дін немесе сенімдер негізінде кемсітушілікке ұшырамауы тиіс» деп көрсетілген. Декларация діни кемсітушілікті «дінге немесе сенімдерге негізделген және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жою немесе мойындалуын, пайдаланылуын немесе жүзеге асырылуын кеміту мақсатындағы немесе осылардың салдары болып табылатын кез келген айырмашылық, айрықшалық, шектеу немесе артықшылық» ретінде анықтайды³⁹. Сондай-ақ Декларацияға сәйкес «барлық мемлекеттер барлық азаматтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени салаларда адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын мойындау, жүзеге асыру мен тарату үшін дін мен сенімдер негезіндегі төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық нысандарының алдын алу мен жою үшін

38 <http://www1.umn.edu/humanrts/russian/gencomm/Rhrcom22.html>

39 «Кемсітушілік» аталымының осыған ұқсас анықтамасы Адам құқықтары жөніндегі комитеттің № 18 Жалпы тәртіптегі қорытынды ескертулерін пайдаланылады (1989 жыл), 7-тармақ.

тиімді шараларды қабылдауға тиіс» және олар «кез келген осындай кемсітушілікке тыйым салу үшін, сонымен қатар осы саладағы дін мен сенімдер негізіндегі төзімсіздікке қарсы күрес бойынша барлық тиісті шараларды қабылдау үшін заңнамаларды қабылдауға немесе қажет болатын кездері жоюға бар күштерін салуға тиіс».

Қандай да бір дінді мемлекеттік дін ретінде мойындау, егер мемлекет ресми емес басқа діндердің өмір сүруіне рұқсат беретін және тікелей немесе жанама түрде соңғы дінге кіруге мәжбүрлемейтін болса, діннің енжар бостандығына қайшы келмейді. Пактінің мәтінін дайындау үдерісінде бұл айқын айтылған болатын. Бұған қарамастан, ресми дін қолданылатын мемлекеттер осы діннің мүшелері үшін белгілі жеңілдіктер мен басымдылықтарды белгілейтін ағынға жиі ие болады. Бұл басқа діндерді өздерінің діндері үшін қолайсыз жағдайға қояды және кемсітушілікке теңеледі.

Ар-ождан түсініктері бойынша әскери қызметтен бас тарту

Дінге сену бостандығы діни түсініктері бойынша әскери қызметтен бас тарту құқығын және баламалы (азаматтық қызметті) жүзеге асыруды қамтиды. Қырғызстанда «Азаматтарды әскери және баламалы қызметке жаппай шақыру туралы» заң, сенімдерінің негізінде әскери қызметті өтеуден бас тарту мүмкіндігін тек қаруды пайдалануға тыйым салатын көзқарастарды уағыздайтын, тіркелген діни ұйымдардың мүшелеріне ғана ұсынады. Мұнан өзге, Заңмен жоғары білімді азаматтар үшін әскери және баламалы қызметті өтеу мерзімін қысқарту қарастырылған. Адам құқығы жөніндегі комитет Қырғызстанға, Қырғызстан Республикасының азаматтарын әскери және баламалы қызметке жаппай шақыру туралы Заңға енгізілетін түзетулердің, 18 бап дінге сенуші болып табылмайтын тұлғалардың ар-ұждан бостандығын қорғайтыны туралы фактіні еске ала отырып, Пактінің 18 және 26 баптарының ережелеріне сәйкес әскери қызметті өтеуден бас тарту мүмкіндігін қамтамасыз етуіне нұсқау жасады. Сондай-ақ, оған әскери және баламалы қызметті кемсітпеушілік негізінде атқару мерзімдерін белгілеу қажет⁴⁰.

Адам құқығы жөніндегі комитет Әскери міндет пен әскери қызмет туралы заң тұлғалардың, ар-ождан түсінігі бойынша әскери қызметті өтеуге қарсы болу құқығын мойындамайтыны мен қандай да бір ба-

⁴⁰ Қырғызстанның екінші кезеңді баяндама жөніндегі қорытынды ескертулер, Адам құқығы жөніндегі комитет, сәуір 2014. 23 т.

ламалы қызметті өтеу мүмкіндігін қарастырмайтыны жөніндегі өзінің мазасыздығын білдірді. Осы заңның негізінде «Свидетелям Иеговы» ағынына жататын бірқатар тұлғалар бірнеше рет соттық тергеуге тартылды және міндетті әскери қызметті өтеуден бас тарту бостандығынан айрылды. Комитет Түркменстанға заңда баламалы әскери қызмет туралы ережені қарастыру мақсатында өзінің заңнамасын қайта қарауға нұсқау жасады (осы секілді нұсқаулар 2013 жылы Тәжікстанға да қатысты жасалған болатын)⁴¹.

4.4. Сексуалдық сәйкестікке негізделген кемсітушілік

Гомофобия, бұл – лесбиянкаларға, гейлерге, бисексуалдар мен трансгендерлерге қатысты (ЛГБТ) немесе олардың өмір сүру салтына немесе мәдениетіне немесе тұтастай алғанда, сексуалдық бағыттануы өзгеше адамдарға жиіркеніштілік немесе жек көрушілік. ЛГБТ-ның көптеген өкілдері кемсітушілік заңдармен, қоғам мен билік тарапынан жасалатын ығыстыруға, тіптен зорлыққа тап болулары мүмкін. Көптеген адамдар әлі күнге дейін гомосексуализмді ауру немесе психикалық ауытқу деп есептейді.

Тереңге тамырын жайған гомофобиялық и трансфобиялық⁴² көзқарастар көбіне сексуалдық және гендерлік сәйкестену белгілері бойынша кемсітушіліктен құқықтық қорғаудың жоқтығымен қатар, ЛГБТ өкілдерінің адам құқықтарын бұзуға ұшыратып жатады. Олар еңбек нарығында, мектептер мен ауруханаларда кемсітушілікке ұшырайды. Оларды түсіне алмайтын отбасылары олардан жиі бас тартады. Олар ұрып-соғуларға, сексуалдық қорлыққа, азаптаулар мен өлтірулерге ұшырап, шабуыл құрбанына айналады. Түрікменстан мен Өзбекстанды қоса алғанда⁴³, шамамен, 76 елде кемсітушілік заңдар бір

41 Түрікменстанға қатысты Адам құқығы жөніндегі комитеттің қорытынды ескертулері (CCPR/C/TKM/CO/1), сәуір 2012 жыл. Мына адрес бойынша алуға рұқсат: http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/treatybodyexternal/Download.aspx?symbolno=CCPR%2fCO%2fTKM%2fCO%2f1&Lang=ru Тәжікстанның екінші кезеңді баяндама жөніндегі қорытынды ескертулері (CCPR/C/TJK/CO/2), Адам құқығы жөніндегі комитет, амыз 2013, 21 т. Мына адрес бойынша алуға рұқсат: <http://khit.tj/rus/wp-content/uploads/2015/12/2-ZR-po-vtoromu-period-dokladu-2013-MPGPP.pdf>

42 Трансфобия — трансгендер және транссексуалды адамдарға өшпенді қатынас. Трансфобия қоғамдағы гендерлік болжамдар мен нормаларға сәйкес келмейтін адамдарға қатысты зорлық, кемсітушілік, жеккөрушілік, жиіркеніштілік, агрессиялық мінез-құлық нысандарында байқалуы мүмкін.

43 Өзбекстанның Қылмыстық Кодексі қызтекелікті (яғни, еркек пен еркектің жыныстық қажеттілігін зорлықсыз қанағаттандыруы) қылмыс ретінде қарастырады, 120-бап. Түрікменстанда қызтекелік үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодекстің 135-бабымен қарастырылған.

жынысты интимдік қатынастарды қылмыс деп тауып, оларға қамауды, соттық қудалау мен түрмеге отырғызуды қарастырады. Кем дегенде, бес елде бұл үшін өлім жазасы енгізілген (Иран, Йемен, Мавритания, Сауд Арабия, Судан).

ЛГБТ-тұлғаларды зорлық пен кемсітушіліктен қорғау ЛГБТ-дің құқықтарының жаңа кешенін немесе адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды құру дегенді білдірмейді. ЛГБТ-дің адам құқықтарын қамтамсыз ету жөніндегі құқықтық мемлекеттік міндеттеме Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық негізінде адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықпен белгіленген. Барлық адамдар, олардың жынысына, сексуалдық сәйкестенуіне немесе гендерлік сәйкестенуіне тәуелсіз адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық аясында қорғау құқығына, оның ішінде өмір сүру, жеке қауіпсіздік және жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығына, азаптаулардан, беталды қамаулар мен ұстаулардан бостандықта болу құқығына, кемсітушіліктен бостандықта болу құқығына және ойын білдіру, қауымдасу мен бейбіт жиналыстар құқығына ие.

Халықаралық құжаттар

Қазіргі уақытта ЛГБТ құқықтары бойынша халықаралық стандарттардың жеке жиынтығы болмағанның өзінде де, адам құқығы саласындағы нормалар мемлекеттердің ЛГБТ-қауымдастықтары өкілдерінің құқықтарын қорғау мен құрметтеу міндеттерін қатаң белгілейді. Теңдің пен кемсітпеушілік, Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясын (АҚЖД, 1, 2 және 7 баптар), азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні (АСҚХП, 2 және 26 баптар), экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні (ЭӘМҚХП, 2-бап), сонымен қатар мемлекеттерді өзінің заңдық хүкімі аясында кез келген түрде бөліктеместен немесе кемсітушіліксіз заңмен тең қорғалуын, барлық тұлғалардың құқықтарын қорғау мен оларға кепілдік беруді қамтамасыз етуге міндеттейтін халықаралық құжаттарды қоса алғанда, адам құқықтарының халықаралық құқығының негізгі қағидалары болып табылады. Тізілген құжаттарда «сексуалдық сәйкестік» немесе «гендерлік сәйкестік» тікелей қамтылмағанның өзінде де, осы құжаттарда алдын ала ұйғарылған негіздер, сексуалдық және гендерлік сәйкестікті қамтитын «басқа да жағдайлар» деген сілтемеге сүйенуге мүмкіндік береді. Осы

түсініктеме БҰҰ-ның Адам құқығы жөніндегі органдарымен расталды (төмендегіні мұқият қараңыз).

Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Кеңесі

2011 жылғы маусымда Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Кеңесі БҰҰ тарихында алғаш рет сексуалдық сәйкестік пен гендерлік сәйкестік жайлы адам құқығы туралы қарар қабылдады (A/HRC/RES/17/19 қарар)⁴⁴, бұл әлемнің барлық аймақтарындағы Кеңес мүшелерінен қолдау тапты. Бұл қарарда Кеңес адамдардың сексуалдық және гендерлік сәйкестік белгілері бойынша оларға қатысты жасалатын зорлық актілері мен кемсітушілік жөнінде мазасыздықтарын білдірді және БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғары Комиссарының Басқармасынан (АҚЖКБ) осы салада зерттеу жүргізуді сұрады.

АҚЖКБ өзінің кезекті баяндамасында (A/HRC/19/41) әлемнің түпкір түпкірінде ЛГБТ өкілдеріне қатысты бұзушылықтарды атап көрсетті; осындай бұзушылықтарда адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттардың қолданылуын талқылады және мемлекеттерге ЛГБТ құқықтарын қорғауды олардың халықаралық міндеттемелеріне сәйкес жақсартуға арналған нұсқауларды ұсынды. АҚЖКБ мемлекеттерді төмендегі нұсқауларды жүзеге асыруға:

- жекелеген тұлғаларға қатысты, олардың шын мәніндегі немесе ықтималды сексуалдық немесе гендерлік сәйкестіктері себебінен кісі өлтіру немесе ірі бұзушылықтардың басқа да көріністері туралы барлық хабарламаларды, олардың көпшілік немесе жеке тәртіпте мемлекеттік немесе мемлекеттік емес субъектілермен жасалатынына тәуелсіз жедел тергеуге және кінәлілерді жауапкершілікке тарту, сонымен қатар осындай жағдайлар туралы ақпаратты тіркеу мен ұсынуға арналған жүйені құруға;
- азаптаулар мен қатыгез, адамгершіліксіз немесе қадір-қасиетті таптайтын әрекет түрлерін және сексуалдық немесе гендерлік сәйкестік белгілері бойынша **жазалауды болдырмау жөніндегі шараларды қолдануға**, азаптаулар мен қатыгез әрекеттер қолданылған барлық белгілі болған жағдайларға егжей-тегжейлі тергеу жүргізуге және оларға жауапты тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту және жазалауға;

44 <http://daccess-ods.un.org/TMP/2350810.17017365.html>

- өздерінің сексуалдық немесе гендерлік сәйкестіктері мен тиісті пікірлерін білдіруі себебінен адамдарды құдалау мен ұстау үшін **қылмыстық заңдардың пайдаланылмауын қамтамасыз етуге;**
- сексуалдық немесе гендерлік сәйкестікті белгілері бойынша кемсітушілікті, тыйым салынған белгілерге жатқызатын және кемсітушіліктің өзара астасатын нысандарын мойындайтын **бәрін сыйдыратын кемсітушілікке қарсы заңнаманы қабылдауға;** сексуалдық немесе гендерлік сәйкестікті белгілері бойынша кемсітушілікке қарсы күрес ұлттық құқық қорғау мекемелерінің мандатына енгізілуін қамтамсыз етуге;
- жекелеген тұлғалардың сексуалдық немесе гендерлік сәйкестік белгілері бойынша кемсітушіліксіз қауіпсіз жағдайларда **өзінің ойын білдіру, қауымдастықтар мен бейбіт жиналыстар құқығын жүзеге асыра алуын қамтамасыз етуге;**
- мектеп жұртшылығы арасындағы гомофобия мен трансфобияға қарсы бағытталған жаппай ақпараттық науқандарды жүргізуге назар аудартуға, сонымен қатар мектептердегі гомофобияға қарсы күрес бойынша мақсатты науқандарға қолдау көрсетуге үшін полицияның, түрме мекемелерінің, шекара қызметінің, көші-қон қызметінің және басқа да құқық қорғау органдарының **қызметкерлерін дайындауға** бағытталған **тиісті бағдарламаларды жүзеге асыруға;**
- транссексуалдармен таңдалған **жынысты заңды мойындауға ықпал етуге** және адамның басқа құқықтарын бұзуға жол берместен, өзі қалаған жынысы мен атын көрсетіп жеке басын куәландыратын құжатты қайта беруге мүмкіндік тудыратын тетіктерді құруға шақырды.

АҚЖКБ 2012 жылы мемлекеттердің ЛГБТ өкілдеріне, сонымен қатар адам құқығы саласындағы осы мәнмәтінінде халықаралық құқық нормаларын қолдануға қатысты міндеттемелері туралы қосымша ақпарат мазмұндалған буклет әзірледі. Буклетте мемлекеттерге келесі бес басты қадамда жасалған нұсқауларды көрсетті:

1. **Адамдарды гомофобиялық және трансфобиялық зорлықтан қорғау.** Сексуалдық бағдар мен гендерлік сәйкестікті адамның қорғауға тиісті ерекшелігі ретінде жек көрушілік негізіндегі

қылмыстар туралы заңнамаға енгізу. Жек көрушілік негізіндегі зорлық актілерін және осындай актілер туралы есепті тіркеуге арналған тиімді жүйелерді құру. Қаскүнемдерді тиімді тергеу мен қылмыстық құдалауды және осындай зорлықтың құрбандарына залалды өтеуді қамтамасыз ету. Бассауға ұсыну саласындағы заңдар мен саясаттар, бассауға ұсыну туралы өтінішпен жүгіну үшін негізді себеп ретінде кімдердің болса да сексуалдық немесе гендерлік сәйкестік белгілері бойынша құдалауды мойындауы тиіс.

2. **Қамаудағы ЛГБТ-ды азаптау мен басқа да қатыгез адамгершілікке жатпайтын және қадір-қасиетті қорлайтын әрекет түрлерінің** алдын алу және осы мақсатта осындай актілерге тыйым салу мен олар үшін жазалау, сонымен қатар құрбандарға заладың өтемін ұсынуды қамтамасыз ету. Мемлекеттік агенттер тарапынан лайықсыз әрекеттер жасалған барлық жағдайларды тергеу және кінәлі тұлғаларды сотқа беру. Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне тиіс оқыту жүргізу және қамауда ұсталатын жерлерге тиімді мониторингтердің жүргізілуін қамтамасыз ету.
3. **Гомосексуалдыққа қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін заңдарды**, оның ішінде кәмелетке толған бір жыныстылардың өзара келісімдерімен сексуалдық байланысқа түсуіне тыйым салатын барлық заңдарды алып тастау. Жекелеген тұлғалардың сексуалдық бағдары немесе гендерлік сәйкестіктері қамау мен ұстауға себепші болмауын және осы тұлғалардың сексуалдық бағдарын анықтау ниетімен оларды негізсіз және қорлайтын физикалық байқауға ұшырамауын қадағалау.
4. **Сексуалдық немесе гендерлік сәйкестік белгілері бойынша кемсітушілікке тыйым салу.** Сексуалдық немесе гендерлік сәйкестікті кемсітушілікке тыйым салатын негіздерге енгізетін бәрін сыйдыратын заңдарды қабылдау. Жекелеп алғанда, негізгі, оның ішінде жұмысқа орналастыру мен медициналық қызмет көрсету мәнмәтінінде қызмет көрсетулерге кемсітушіліксіз қол жеткізуді қамтамасыз ету. ЛГБТ мен интерсексуалдарды кемсіту мен бөліктеудің алдын алу үшін оқыту мен дайындықты қамтамасыз ету.

5. **ЛГБТ ойды білдіру, қауымдасу және бейбіт жиналыстар бостандығына кепілдік беру.** Осы құқықтарды кел келген түрде шектеу халықаралық құқыққа сәйкес келуі тиіс және кемсітушілік болмауға тиіс. Өзінің ойды білдіру бостандығын, қауымдасу мен жиналыстар бостандығын пайдаланатын адамдарды жеке тұлғалар тарапынан жасалатын зорлық актілері мен қорқытулардан қорғау.

БҰҰ шарттық органдары және арнайы тәртіптері

БҰҰ шарттық органдары өздерінің жалпы тәртіптегі және қорытынды ескертулерінде сексуалдық және гендерлік сәйкестік негізіндегі кемсітушілікке халықаралық құқық нормаларына сәйкес тыйым салынғаны туралы үнемі айтып отырады. Олар сондай-ақ, бірнеше рет ЛГБТ қатысты адам құқықтарын бұзу себептері жайында мазасызданатындықтарын білдірген болатын және мемлекеттерді осындай бұзушылықтардың алдын алу мен жою үшін тиісті шараларды қолдануға шақырды.

Мысалы, Адам құқығы жөніндегі комитеті өзінің қорытынды ескертулерінде АСҚХП сәйкес қатысушы-мемлекеттерді барлық адамдарға олардың сексуалдық сәйкестіктеріне тәуелсіз тең құқықтарға кепілдік беруге шақырды. Қырғызстанға қатысты өзінің соңғы қорытынды ескертулерінде⁴⁵, Комитет қатысушы-мемлекеттің АСҚХП 2 және 26 бапатына сәйкес өзінің міндеттемелеріне қарамастан, ЛГБТ өкілдеріне қатысты мемлекеттік, сол сияқты мемлекеттік емес субъектілер тарапынан жасалатын зорлыққа қарсы күрес жүргізуге қабілетсіздігі жөнінде мазасыздық танытты. Комитет, қатысушы-мемлекетті осындай жағдайлардың егжей-тегжейлі тергелуін, ал кінәлілердің жауапкершілікке тартылуы мен тиісті жазаларын алуын және құрбандарға баламалы өтемақыны ұсынылуын қамтамасыз етуге шақырды. Түрікменстан мен Өзбекстанға қатысты Адам құқығы жөніндегі комитет бір жынысты кәмелетке толғандар арасындағы екіжақты өзара келісімі бойынша жыныстық қатынасын қылмыстандырғаны жөнінде өкінішін білдірді. Комитет Түрікменстан мен Өзбекстанға өзінің заңнамасын Пактіге сәйкестендіру мақсатында бір жынысты кәмелетке толғандар арасындағы екіжақты өзара келісімі бойынша

45 БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің Қырғызстанға қатысты Қорытынды нұсқаулары, сәуір 2014 жыл, п. 9. Құжат: CCPR/C/KGZ/CO/2. Мына адрес бойынша алуға рұқсат: http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/treatybodyexternal/SessionDetails1.aspx?SessionID=625&Lang=en

жыныстық қатынасын декриминализациялау мен гомосексуализмді әлеуметтік бөліктеуге тыйым салу үшін қажетті шараларды қабылдауға және адамдарға қатысты олардың сексуалдық бағдары мен гендерлік сәйкестік бегілері бойынша қандай да бір кемсітушілік нысандарымен келіспейтіні жайлы нақты түсіндіруге ұсыныс жасады⁴⁶.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет өзінің кейбір ескертулерінде ЭӘМҚХП сексуалдық сәйкестікке қатысты, басқалармен бірге жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру мен білім беру тұрғысынан кемсітпеуге кепілдік ұсынатынын растады⁴⁷.

№ 2 Жалпы тәртіптегі өзінің қорытындысында, Азаптауларға қарсы комитет мемлекеттердің азаптауларды болдырмау жөніндегі міндеттемесі басқалармен бірге олардың «сексуалдық сәйкестіктері» мен «трансгендерлік сәйкестіктеріне» тәуелсіз «заңдардың тәжірибеде барлық тұлғаларға қолданылуын» қамтамсыз ету міндеттемесін қамтиды⁴⁸. Азаптауларға қарсы комитет Қырғызстанға қатысты құқысыз, оның ішінде жекелеген тұлғаларға қатысты, ЛГБТ қауымдастығына тиесілі лесбианкаларды, гомосексуалистерді, бисексуалдар мен трансгендерді қоса, сексуалдық бағдары немесе гендерлік сәйкестік белгісі бойынша сексуалдық зорлауды қолданатын әрекеттер мен азаптауларды қоса алғанда, милиция тарапынан қысымшылықтар, беталды қамаулар туралы хабарламаларға; сонымен қатар биліктің лауазымды тұлғалар тарапынан олардың сексуалдық бағдары немесе гендерлік сәйкестік белгілері бойынша сексуалдық зорлық туралы шағымдарды жалпы тергегісі, осындай зорлық жасағаны үшін кінәлілерді жазалағысы және құрбандарға тиісді құқық қорғау құралдарын ұсынғылары келмейтіндіктері жайлы мазасызданатындығын білдірді. Комитет Қырғызстанға полиция мен пеницитарлық мекемелердің

46 БҰҰ Адам құқығы жөніндегі комитетінің Түрікменстанға қатысты қорытынды нұсқаулары, сәуір 2012, 21 т. Құжат: ССРР/С/ТКМ/СО/1 Мына адрес бойынша алуға рұқсат: http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/TreatyBodyExternal/Countries.aspx?CountryCode=TKM&Lang=EN Адам құқығы жөніндегі комитетінің Қорытынды ескертулері

47 БҰҰ экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары жөніндегі комитетінің қорытынды нұсқаулары, № 18 Жалпы ескертулер, 2005 жыл (11, i т.) және № 14 жалпы ескертулер, 2000 ж. (18 т.). Мына адрес бойынша алуға рұқсат: http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/treatybodyexternal/TBSearch.aspx?Lang=en&TreatyID=9&DocTypeID=11

48 БҰҰ экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары жөніндегі комитетінің қорытынды нұсқаулары, № 18 Жалпы ескертулер, 2005 жыл (11, i т.) және № 14 жалпы ескертулер, 2000 ж. (18 т.). Мына адрес бойынша алуға рұқсат: http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/treatybodyexternal/TBSearch.aspx?Lang=en&TreatyID=9&DocTypeID=11

қызметкерлері тарапынан ЛГБТ қауымдарына тиесілі тұлғаларға немесе олардың сексуалдық бағдарлары мен гендерлік сәйкестіктері негізінде басқа тұлғаларға қатысты қатыгез әрекеттер жасалған жағдайлар туралы барлық бекітулерді дереу, алаламайтын және егжей-тегжейлі тергеуді қамтамасыз етуді және осындай әрекеттерге барған тұлғаларды сотпен қудалауды іске асыруды және сотталатын жағдайда оларға тиісті жаза тағайындауды ұсынды⁴⁹.

Балалар құқығы жөніндегі комитетпен⁵⁰ және Әйелдерге қатысты кемсітушіліктерді жою жөніндегі комитетпен⁵¹ сондай-ақ осы саладағы мәселелер қарастырылды және сексуалдық және гендерлік сәйкестік белгілері бойынша кемсітушілікке қарсы күрес бойынша нұсқаулар шығарылды.

Джокьякарт қағидалары⁵²

Адам құқықтары саласында сексуалдық және гендерлік сәйкестікке қатысты халықаралық құқық нормаларын қолданудың Джокьякарт деп аталатын қағидалары 2006 жылы қоғамның әр түрлі топтары мен аймақтарының адам құқығы жөніндегі бір топ танымал сараптамашыларымен, оның ішінде БҰҰ-ның адам құқығы жөніндегі органдарының өкілдерімен әзірленді. Қағидалар, кемсітпеушілікті, зорлық мпен азаптаулардан бостандықта болуды, әділ сотқа қол жеткізуді, жеке өмір құқығын, ойды білдіру мен жиналыстар, жұмыспен қамтылу, денсаулық сақтау, білім алу, жұртшылықтың қатысу бостандығын, сонымен қатар басқа да бірқатар құқықтарды қоса алғанда, адам құқықтарының түрлі халықаралық стандарттарын ЛГБТ өкілдеріне қатысты қолдану жөніндегі басшылықты білдіреді. Қағидалар барлық мемлекеттермен сақталуға тиісті болатын міндетті халықаралық-құқықтық стандарттарды бекітеді және мемлекеттерге нақты нұсқауларды қамтамасыз етеді.

ЕҚЫК және Еуропа кеңесінің ресурстары

ЕҚЫК Қатысушы-мемлекеттері басқалармен бірге «заң алдында барлық адам тең және ешбір кемсітушіліксіз заңмен тең қорғалуға

49 21 т., Құжат: CAT/C/GC/2 Мына адрес бойынша алуға рұқсат: http://tbinternet.ohchr.org/_layouts/treatybodyexternal/TBSearch.aspx?Lang=en&TreatyID=1&DocTypeID=11

50 БҰҰ-ның бала құқықтары жөніндегі комитеті, № 4 Жалпы ескертулер, 2003 ж.

51 БҰҰ-ның әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою жөніндегі комитеті, № 28 Жалпы ескертулер, 2010 ж.

52 http://www.yogyakartaprinciples.org/principles_ru.pdf

құқылы» және «кез келген кемсітушілікке тыйым салу және барлық тұлғаларға тең және кез келген белгісі бойынша кемсітушіліктен тиімді қорғауға кепілдік беріледі» деп айта отырып, теңдік және кемсітпеушілік қағидасына қатысты нақты міндеттемелерді өз мойындарына алды⁵³.

2010 жылы ЕҚҚҰ Парламентік Ассамблеясымен сексуалдық бағдары мен гендерлік сәйкестік⁵⁴ белгілері бойынша кемсітушілікке тыйым салатын, басқалармен бірге ЛГБТ өкілдеріне қарсы жек көрушілікке және кемсітушілікке немесе тіл тигізуге азғыруды кінәлайтын және мемлекеттерді сексуалдық бағдары мен гендерлік сәйкестік белгілері бойынша кемсітушіліктің кез келген нысанына тыйым салатын заңдарды қабылдауға шақыратын қарар қабылданған болатын.

2010 жылы еуропалық Кеңестің Парламентік Ассамблеясымен сексуалдық бағдары мен гендерлік сәйкестік⁵⁵ белгілері бойынша кемсітушілікке тыйым салатын, басқалармен бірге ЛГБТ өкілдеріне қарсы жек көрушілікке және кемсітушілікке немесе тіл тигізуге азғыруды кінәлайтын және мемлекеттерді сексуалдық бағдары мен гендерлік сәйкестік белгілері бойынша кемсітушіліктің кез келген нысанына тыйым салатын заңдарды қабылдауға шақыратын 1728 қарар қабылданған болатын.

4.5. Мүмкіндігінің шектелулігіне байланысты кемсітушілік

Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес «мүгедектерге, түрлі бөгеттермен өзара әрекеттесу барысында оларға қоғамдық өмірге басқалармен бірдей толық және тиімді қатысуға кедергі келтіруі мүмкін тұрақты физикалық, психикалық, зияткерлік немесе сенсорлық бұзылушылықтары бар тұлғалар жатады» (А/АС.265/2006/4, II-қосымша). Қазіргі терминологияда – «мүмкіндіктері шектеулі тұлға» деп айтылады және «мүгедек» аталымын пайдаланудан аулақ болған жөн. 1994 жылы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет № 5 жалпы тәртіптегі ескертулерін шығарды, 15 тармақта: «Білім беру, жұмыспен қамту, баспанамен, көлікпен, мәдени өмірмен қамтамасыз ету және қоғамдық орындар мен қызметтерге қол

53 1990 жылғы Копенгаген кездесулер барысында.

54 1990 жылғы Копенгаген кездесулер барысында.

55 http://www.coe.int/T/r/Parliamentary_Assembly/%5BRussian_documents%5D/%5B2010%5D/%5BApr2010%5D/Res1728_rus.asp#P4_75

жеткізуді қамтамасыз ету саласындағы мүгедектік белгілері бойынша кемсітушіліктің салдары өте ауыр». Мүмкіндігі шектетеулі адамдардың барлық басқа адамдар секілді құқықтары бар. Бірақ бірқатар себептерге орай олар өздерінің құқықтарының басқа адамдармен бірдей сақталуын талап ететін кездері әлеуметтік, құқықтық және практикалық кедергілерге жиі ұшырайды. Бұған себеп, мүмкіндігі шектеулілердің өздеріне қатысты жаңсақ қабылдау мен кері нұсқау болып табылады. Көптеген адамдарда мүмкіндігі шектеулі тұлғалар қоғамда өнімді бола алмайды деген жалған түсінік бар. Негізгі кері түсінік мүмкіндігі шектеулі адамдарды «ауру» немесе олардың «денсаулықтары бұзылған» және олар емге немесе жазылуға мұқтаж немесе олар дәрменсіз және күтім керек деп есептеу.

Мұның орнына, жағымды нұсқау шектеулі мүмкіндіктерді орындай қабылдап, адамға өз мүмкіндіктерін өз атынан толық ұсынуына, қатысуы мен қол жеткізуіне ықпал ету үшін әзірленген шараларды қоса алғанда, адамның табиғи өзгешелігі ретінде қарастырады (мысалы, мүгедек арбасы немесе тапсырманы орындау үшін, көп уақыт бөлу). Мұндай жағымды тұрға қоғамның мүмкіндіктері шектеулі адамдардың бейімделуіне жауапты екенін білдірнеді.

Мүгедектікке қарсты 4 тұрғы бар:

1. **Қайымырмдылық тұрғы** – мүгедектігі бар адам аяушылық пен мүмкін болатын барлық көмекке зәру деген түсінікке негізделеді.
2. **Медициналық тұрғы** – мүгедектік, бұл – емдеуге тиісті ауру, мүгедектігі бар адамдар дербес өмір сүре алмайды деген түсінікке негізделеді.
3. **Әлеуметтік тұрғы** – мүгедектің қоғамды дұрыс ұйымдастыру-маудың салдары: олар қатысуға кедергі келтіретін кереғар пікірлер мен кедергілерге ұшырасасды. Мүгедектің жеке емес, ол әлеуметтік ортадағы тәуелділікті күшейтетін не болмаса шектейтін мәселе.
4. **Адам құқықтарына негізделген тұрғы** – мүгедектігі бар адамдардың барлық адамдар құқықтарын толық және тең пайдалануы мен олардың қадір-қасиетін тең мүмкіндіктерде құрметтеуді, мүгедектің негізінде кемсітпеуді және қоғамға қатысуын қамтамасыз етуге ден қояды.

Адамдар құқығына негізделген тұрғы, анағұрлым ілгері және кемсітушілікке тыйым салу мен адамның барлық құқықтарын тең мүмкіндіктерде қамтамасыз ету болып табылады.

Кемсітушіліктің бір түрі орынды қолайлылықтарды орнатудан бас тарту. Кейде, мүгедектігі бар жұмыскер өзінің жұмысын мүгедектігі жоқ басқалармен бірдей атқаруы үшін жұмыс жағдайларын бейімдеу қажет етіледі. Егер мүгедектігі бар адам қандай да бір лауазымға жақсы кандидат болып шықса, онда жұмыс беруші өзінің мүмкіндіктері шегінде жұмыс орнын осы адамның қажеттілігіне қарай бейімдеу керектігі туралы ойлануы тиіс. Егер кәсіпорын үшін бұл еш қиындық туғызбайтын, бірақ жұмыс беруші ешнәрсені өзгертпейтін болса, онда бұл кемсітушілік.

Мысалы: бухгалтердің лауазымына мүгедектігі жоқ адам мен көзі алыстан көрмейтін адам талаптанады. Жұмыс беруші оның біліктілігіне қарамастан, алыстан көрмейтін адамды жұмысқа алмайды, себебі ол үшін экраны кең компьютер алуға тиісті болады. Бұл мүгедектігі негізіндегі кемсітушілік⁵⁶.

БҰҰ-ның шарттық органдарының ОА елдеріне қатысты халықаралық құжаттары мен нұсқаулары

Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды (МШК) қорғау туралы алғашқы нормы халықаралық құқықта 70-ші жылдары пайда болды. Содан бері халықаралық қауымдастық МШТ құқықтарын бекітетін бірқатар құжаттарды әзірлеп шығарды. Олардың анағұрлым маңыздыларына келесі халықаралық актілерді жатқызуға болады:

- Ақыл-ойы кем балалар құқықтарының декларациясы, 1971 ж.⁵⁷
- Мүгедектер құқықтарының декларациясы, 1975 ж.⁵⁸

56 Еңбек қатынастарындағы кемсітушілікті қалай танып білуге және кемсітушілік жағдайында қайда жүгінуге болады, Адам құқықтары жөніндегі Латвия Орталығы, 2007. <http://civilektiesibas.org.lv/ru/publications/broschyura-kak-raspoznat-diskriminaciyu-v-trudovuyh/>

57 Ақыл-есі кем тұлғалар құқықтарының декларациясы. БҰҰ-ның БА-мен 2856 Қарарымен 1971 жылы 20 желтоқсанда қабылданды [Электронды ресурс] // Біріккен Ұлттар Ұйымы [сайт]. – URL: <http://www.un.org/russian/documen/declarat/retarded.htm>

58 Мүгедектер құқықтарының декларациясы. БҰҰ БА 3447 Қарарымен қабылданды, 09 желтоқсан 1975 [Электронды ресурс] // Біріккен Ұлттар Ұйымы[сайт]. – URL: <http://www.un.org/russian/documen/declarat/disabled.htm>

- Мүгедектерге қатысты әрекеттердің бүкіл әлемдік бағдарламасы, 1982 ж.⁵⁹
- Мүгедектерді кәсіби сауықтыру мен жұмыспен қамту туралы ХЕҰ Конвенциясы, 1983 ж.⁶⁰
- Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты ережелері, 1993 ж.⁶¹
- Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция, 2006 ж.⁶²

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны құрушылар, қалыпты әлеуметтік және физикалық ортаға бейімделмеген мүгедек емес, керісінше әлеуметтік және физикалық орта мүгедектің қалыпты өмір сүруі мен оның құқықтарын тиімді жүзеге асыруына кедергі келтіреді дегенді айтады⁶³. Мұндай кедергілерге мысал ретінде арбаға таңылған мүгедектердің қозғалуына кедергі келтіретін пандус орнатылмаған басқыштарды, «ДЦП» диагнозы қойылған баланың болашағы жоқ» деп есептейтін дәрігерлердің жаңсақ пікірлерін немесе мүгедектің әуетасымалының қызметтерін ілесіп жүретін адамсыз пайдалану мүмкіндігін шектейтін копоративтік нормаларды келтіруге болады.

59 Мүгедектерге қатысты әрекеттердің бүкіләлемдік бағдарламасы. БҰҰ БА 37/52 Қарарымен қабылданды, 3 желтоқсан 1982 [Электронды ресурс] // Біріккен Ұлттар Ұйымы [сайт]. – URL: <http://www.un.org/russian/disabilities/default.asp?navid=38&pid=553>

60 №159 Мүгедектерді кәсіби сауықтыру мен жұмыспен қамту туралы конвенциясы. ХЕҰ Бас Конференциясымен 1983 жылғы 01 маусымда қабылданды. Күшіне 1985 жылы 20 маусымда енді. 1988 жылы 29 наурызда КСРО-мен бекітілді. [Электронды ресурс] // Халықаралық Еңбек Ұйымы [сайт]. – URL: <http://www.ilo.org/ilolex/russian/docs/conv159.htm>

61 Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандарттық ережелері. БҰҰ БА 48/96 Қарарымен қабылданды, 20 желтоқсан 1993 [Электронды ресурс] // Біріккен Ұлттар Ұйымы [сайт]. – URL: <http://www.un.org/russian/documen/convents/disabled.htm>

62 Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция. БҰҰ БА 61/106 Қарарымен қабылданды, 13 желтоқсан 2006. Күшіне 2008 ж. 3 мамырда енді, ТР әзірге бекітілмеген. [Электронды ресурс] // Біріккен Ұлттар Ұйымы [сайт]. – URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml

63 “From Exclusion to Equality. Realizing the rights of persons with disabilities Handbook for Parliamentarians on the Convention on the Rights of Persons with Disabilities and its Optional Protocol” / HR/PUB/07/6. – United Nations. – Geneva. – 2007. – P. 4

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция

«мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілік», мақсаты немесе нәтижесінде барлық адамдардың құқықтары мен саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез келген басқа саладағы негізгі бостандықтарын басқалармен бірдей мойындауды, іске асыруды кеміту немесе жоққа шығару болып табылатын, мүгедектік нәтижесінде кез келген өзгешелікті, ерекшелікті немесе шектеуді білдіреді. Оған кемсітушіліктің барлық түрлері, оның ішінде орынды лайықтаудан бас тарту енеді;

«орынды лайықтау» мүгедектердің барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын басқалармен бірдей іске асыруы мақсаттарында үйлесімсіз немесе артық салмақ болып табылмайтын нақты жағдайда қажетті немесе ыңғайлы түрлендірулер мен түзетулерді енгізуді білдіреді; (2-бап)

Қатысушы-мемлекеттер міндетті:

- мүгедектерге қатысты кемсітушілік болып табылатын қолданыстағы заңдарды, қаулыларды, ғұрыптар мен дәстүрлерді өзгерту немесе жою үшін барлық тиісті, оның ішінде заңнамалық шараларды қабылдауға; принимать все надлежащие меры для устранения дискриминации по признаку инвалидности со стороны любого лица, организации или частного предприятия (ст.4);
- мүгедектік белгісі бойынша кез келген үшінші тұлғаның, ұйымның немесе жеке кәсіпорынның тарапынан кемсітушілікті жою үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға; (4-бап);
- заң алдындағы теңдік пен кез келген негіздегі кемсітушіліктен тиімді құқықтық қорғауға (5-бап);
- мүгедектерге қатысты басқаларымен қатар неке, отбасы, әке болу, ана болу және жеке қатынастардың барлық мәселелері бойынша кемсітушіліктерді жою (23-бап);
- барлық деңгейдегі инклюзивті білім алуды және өмір бойы оқытуды кемсітушіліксіз қамтамасыз етуге (24-бап);
- мүгедектік белгісі бойынша кемсітушіліксіз қол жетімді ең жоғары деңгейдегі денсаулық құқығын қамтамасыз етуге, сонымен қатар медициналық сақтандыру мен өмірін сақтандыру кезінде мүгедектерге қатысты кемсітушілікке тыйым салуға, егер соңғысы ұлттық құқықпен рұқсат етілетін болса және ол әділеттілік пен орынды негізде берілетін жағдайда; (25-бап);
- мүгедектік белгісі бойынша жұмысқа қабылдау, жалдау мен қамту жағдайларын қоса алғанда, жұмыспен қамтудың барлық нысандарына, жұмыс орнын сақтауға, қызмет бабымен көтеруге және қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларына қатысты кемсітушілікке тыйым салуға; (27-бап);
- мүгедектік белгісі бойынша кемсітушіліксіз жеткілікті өмір деңгейі құқығы мен әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге; (28-бап);

- *мүгедектер кемсітушіліксіз және басқалармен бірдей мемлекеттік істерді басқаруға тиімді және жан-жақты қатыса алатындай жағдайларды жасауға ықпал етуге; (29-бап);*
- *зияткерлік меншікті қорғау туралы заңдар мүгедектердің мәдениет шығармаларына қол жеткізулері үшін қисынсыз және кемсітушілік кедергі болмауын қамтамасыз етуге (30-бап).*

Орынды қолайлылықтан бас тарту кемсітушілік болып танылуы мүмкін. Сонымен, Комитет Венгриядағы көзі нашар көретін адамдардың мұқтаждықтарына банкоматтардың қолайлы болмаған жағдайында (Брайль тіліндегі жазу мен дауысты бұйрықтардың болмауы) Конвенцияның бұзылғанын анықтады⁶⁴.

Мүгедектердің құқықтары жөніндегі Комитет мүгедектердің басқалармен бірге саяси және қоғамдық өмірге тиімді және жан-жақты араласу құқығының, оның ішінде Жольт Булдошэ және басқалар Венгрияға қарсы істе дауыс беру құқығының (№ 4/2011 хабарлама)⁶⁵ бұзылғанын тапты хабарламаның авторлары «ақыл-ойының кемістігінен» зардап шегеді және сот шешімдері бойынша ішінара және жалпы қамқорлыққа берілген. Оларды қамқорлыққа беру нәтижесінде сол сәтте қолданыста болған және ішінара немесе жалпы қамқорлыққа берілген тұлғалардың дауыс беруге құқығы жоқ деп көрсетілген Конституцияның 70 бабының 5 тармағына сәйкес авторлар автоматты түрде сәйкеслаушылар тізімінен алынып тасталған. Осындай шектеудің әсерінен авторлар парламент сәйкеслауына қатыса алмаған. Комитеттің шешіміне сәйкес жеке бағалау нәтижесіндегі шектеуді қоса алғанда, нақты немесе болжамды психологиялық-әлеуметтік немесе ақыл-ойының бұзылуы негізінде дауыс беру құқығынан айыру мүгедектігі бойынша кемсітушілікті білдіреді. Жекелеген тұлғалардың құқыққа қабілеттігін бағалауды сипаты бойынша кемсітушілік ретінде танып, Комитет бұл шараны заңды деп есептелмейтінін мойындады. Бұл қатысушы-мемлекеттердің саяси жүйесінің тұтастығын сақтайтын үйлесімді мақсат болып та табылмайды. Комитет, қатысушы-мемлекетке дауыс беру кезіндегі өзінің

64 Сильвия Ниушти мен Петер Такач Венгрияға қарсы (№ 1/2010 хабарлама), құжат: CRPD/C/9/D/1/2010. Мүгедектердің құқықтары туралы комитетпен тоғызыншы сессиясында қабылданған пайымдар (15–19 сәуір 2013 жыл) <http://www.ohchr.org/ru/HRBodies/CRPD/Pages/Jurisprudence.aspx>

65 Жольт Булдошэ, Яношн Ильдикко Маркуш, Виктория Мартон, Шандор Месарош, Гергели Полк и Янош Сабо Венгрияға қарсы, Мүгедектердің құқықтары туралы комитетпен оныншы сессиясында қабылданған пайымдар (2–13 қыркүйек 2013 жыл) Құжат: CRPD/C/10/D/4/2011. <http://juris.ohchr.org/Search/Details/1988>

тәртіптерін «түсіну мен қолдану үшін қолайлы, қол жетімді және жеңіл» болатындай етіп өзгертуі және бұл қажет етілетін кездері мүгедектерге олардың өтініші бойынша көмек беру керек екендігін еске салды. Атап айтқан, осылайша мемлекет ақыл-ойы кем адамдарға басқалармен бірге дауыс беру құпиялылығын сақтап, құзырлы дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз ете алады.

Мүгедектердің құқықтары туралы комитет Түрікменстанға қатысты өзінің қорытынды ескертулерінде ұлттық заңнамада кемсітушіліктің барлық нысандары, оның ішінде орынды қолайлылықты қамтамасыз етуден бас тарту кемсітушіліктің бір нысаны ретінде тікелей айтылатын, мүгедектік белгісі бойынша кемсітушіліктің анықтамасының жоқтығы жайлы мазасызданатынын білдірді. Комитет мүгедектерді кемсітушілікке қарсы күрес бойынша шаралардың, жүзеге асырылуына қатысты, оның ішінде құқықтық қорғау құралдары мен шараларын енгізу туралы ақпараттар мен деректердің жоқтығына мазасызданады. Комитет Түрікменстанға кемсітушіліктің барлық нысандары, оның ішінде орынды қолайлылықты қамтамасыз етуден бас тарту кемсітушіліктің бір нысаны ретінде тікелей айтылатын, мүгедектік белгісі бойынша кемсітушіліктің анықтамасын енгізу мақсатында өзінің заңнамасын қайта қарауға ұсыныс жасады. Сонымен қатар, бөлшектелген салыстырмалы деректер негізіндегі нақты мақсатты көрсеткіштерді пайдалана отырып, мүгедектерді кемсітушілікті түп тамырымен жою бойынша бар шаралардың тиімді қолданылуын қамтамасыз ету мен мүгедектерді тең құқылы және тиімді тарту мен қорғау мақсаттарында жағымды кемсітушіліктің қосымша шаралары мен құқықтық құралдарын ендіру мүмкіндігін қарастыруға ұсыныс жасалды⁶⁶.

Мүгедектігі бар балаларды кемсітушілік

БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы комитеті Мүгедектігі бар балаларды кемсітушілікке аса көп мән береді. 2006 жылы № 9 – Мүгедек балалардың құқықтары жайлы жалпы тәртіптегі ескертулер қабылданды. Кемсітушілік – де-факто, мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірі мен дамуында жиі кездеседі. Мысалы, әлеуметтік кемсітушілік пен стигматизациялау мүгедек балаларға қатысты физикалық және психологиялық зорлыққа дейін жететін кездері, оларды маргиналда-

66 Түрікменстанның алғашқы баяндамасы бойынша Қорытынды ескертулер, мамыр 2015 жыл, 9-10 т. Құжат: CRPD/C/TKM/CO/1 Мына адрес бойынша алуға рұқсат: <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/G15/097/11/PDF/G1509711.pdf?OpenElement>

ну мен әлеуметтік оқшаулануына алып келуге және тіптен олардың өмірі мен дамуына қатер төндіруі мүмкін. Қызмет көрсету саласындағы кемсітушілік олардың білім алуы мен сапалы медициналық және әлеуметтік қызмет көрсетулерді алуына қол жеткізуден айырады. Тиісті дәрежедегі білімі мен кәсіптік-техникалық даярлығының жоқтығы, оларды алдағы уақытта жұмысқа тұру мүмкіндігінен айырып, кемсітушілік факторы болып табылады. Мүгедек балаларға қатысты әлеуметтік стигматизация, үрей, шамадан тыс оқшаулау, өшпенді қатынас, бұрмаланған түсінік пен тұрақты кертартпа пікірлер қоғамда бұрынғысынша үстемдік етуде және мүгедек балалардың маргиналдануы мен әлеуметтік шеттетілуіне алып келеді. Комитет өзінің Жалпы тәртіптегі ескертулерінде қатысушы-мемлекеттерге:

- Кемсітпеушілікке қатысты конституциялық ережелеріне мүгедектікті кемсітушілікке тыйым салынған негіздердің бірі ретінде ендіруді және/немесе жекелеген кемсітушілікке қарсы заңдарына немесе құқықтық ережелеріне мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілікке нақты тыйымды енгізуді;
- Мүгедек балалардың құқықтары бұзылатын жағдайда құқықтық қорғаудың тиімді құралдарын қарастыру және осындай құқықтық қорғау құралдарының мүгедек балалар және олардың ата-аналары және/немесе балаға қамқор басқа тұлғалар үшін жеңіл қол жеткізілетіндей болуын қамтамасыз етуді;
- Мүгедек балаларға қатысты де-факто кемсітушіліктерінің алдын алу мен жою мақсаттарында кең жұртшылық пен мамандардың нақты топтарына бағытталған ақпараттық-ағартушылық және білім беру науқандарын өткізуді ұсынды.

Мұнан өзге, мемлекеттерге мүгедек қыз балаларға ерекше көңіл бөлу ұсынылады, себебі мүгедектігі бар қыз балалар жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік күшіне орай, кемсітушілікке қатысты жоғары дәрежеде әлсіз келеді⁶⁷.

Өзінің қорытынды ескертулерінде Балалар құқықтары жөніндегі комитет қоғамда мүгедек балаларға қатысты жаңсақ пікірлер мен

67 Адам құқықтары жөніндегі шарттық органдармен қабылданған Жалпы тәртіптегі ескертулер мен жалпы нұсқаулардың іріктемесі, Құжат HRI/GEN/1/Rev.9 (Vol. II), Стр. 349. Мына адрес бойынша алуға болады: <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/G08/422/45/PDF/G0842245.pdf?OpenElement>

оларды Қырғызстанда, Тәжікстанда, Өзбекстанда стигматизациялау мен кемсітушіліктің барын атап өтті және мүгедек балаларды кемсітушілікті жою мәселелері бойынша науқандарды қоса алғанда, ақпараттық-ағартушылық бағдарламаларды ұйымдастыру мен осындай кемсітушілікке тыйым салатын өзінің заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету үшін құқық қолдану тетіктерін нығайтуды ұсынды⁶⁸.

4.6. Басқа да белгілері бойынша кемсітушілік

Халықаралық құқық қорғау стандарттарында сондай-ақ жасы немесе әлеуметтік және экономикалық мәртебесі секілді басқа да белгілер бойынша кемсітушілік көрсетіледі. Ресми тыйым салынғанына қарамастан, жас белгісі бойынша кемсітушілік, әсіресе жұмысқа қабылдау мәселелерінде кеңінен таралған. Экономикалық немесе әлеуметтік мәртебесі бойынша кемсітушілік сондай-ақ, сирек құбылыс емес, бірақ көбіне адам құқығын бұзуға жатқызыла бермейді. Оны кемсітушіліктің басқа нысандары арасында байқау оңайға түспейді. Шын мәнінде кедейшілік, көбіне басқа белгілері бойынша кемсітушіліктің салдары болып табылады: ұлттық азшылық, иммигранттар мен әйелдер қауымдарына жиі қысымшылық жасалады және олардың шығу тегі мен жынысына қарай белгілі игіліктерден айырады. Бірақ кедейшіліктің өзі жағдайы төмендердің неге қол жеткізе алатындықтарын анықтап қана қоймай, оларға қол жетімді қызмет көрсетулердің аясын шектейтінін отырып та кемсітушілікке себеп бола алады. Шын мәнінде, денсаулық сақтау мен білім беру секілді қоғамдық қызмет көрсетулердің сапасы көбіне көршілес, бірақ табыс деңгейі түрлі аудандардың адамдарына түрліше көрсетіледі. Сонымен қатар мәртебесіне қарай кемсітушілік те кездеседі: жалпы ұлттық немесе жергілікті деңгейдегі биліктегілер қаржыландыру мен қызмет көрсетулерді халықтың өздеріне дауыс береді-ау деген ықтимал топтарының пайдасына үлестіре алады. Мұнан өзге, еуропа елдерінің сот жүйелеріндегі экономикалық мәртебесі бойынша кемсітушілік жер-жерде орын алғандығымен сипатталады, себебі соттық ауыртпалықтардың кедейшілікке ұшыраған қатысушылары мен кінәлелер көбіне білікті адвокатты жалдай ал-

68 49-50 т., Комитетпен өзінің алпыс үшінші сессиясында (27 мамыр – 14 маусым 2013 жыл) қабылданған Өзбекстанның біріктірілген үшінші және төртінші кезеңді баяндамалдары бойынша ескертулері, құжат: CRC/C/UZB/CO/3-4. 45-46 т.Қырғызстанның біріктірілген үшінші және төртінші кезеңді баяндамалдары бойынша қорытынды ескертулері, маусым 2014, CRC/C/KGZ/CO/3-4. п.26-27 БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетінің Тәжікстанға қатысты қорытынды ескертулері, ақпан 2010, құжат: CRC/C/TJK/CO/2

майды⁶⁹. Мысалы, тұрақты тұруға ресми рұқсат алу мен тіркеу талаптарына байланысты құқықтық мәртебе сондай-ақ, егер талап етілген мәртебені ұсыну қисынсыз кешіктірілетін немесе адамға көрсетіліп отырған құқыққа немесе қызметке қатысы болмаған жағдайда, заңсыз кемсітушілікке себеп болуы мүмкін. Мәжбүрлі қоныс аударушылыр әдетте әлеуметтік қорғау мен баспана саласында кемсітушілікке тап болады және оларды жаңа жерге көшіп келген елдің ежелгі тұрғындары ретінде қарастырмайды⁷⁰.

69 Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттердегі құқықтық жәрдем шығыстарын талдау және оған қол жеткізу Report on the European Judicial Systems – Edition 2006 баяндаманы қара («еуропа елдеріндегі сот жүйелері туралы баяндама, 2006 жылғы басылым», ағылшын тілінде), әділ соттың тиімділігі бойынша еуропалық комиссиямен жасалған (www.coe.int/t/dg1/legalcooperation/cepej/evaluation/2_006/CEPEJ_2006_eng.pdf)

70 Amnesty International Azerbaijan: Displaced then discriminated against - the plight of the internally displaced population баяндамасын қара («Әзірбайжан. Кейінгі кемсітушілікпен басқа жерге ауыстыру – ел ішінде ауыстырылған халықтың ауыр жағдайы», ағылшын тілінде) және оның қысқаша орысша мазмұны (аудармасы қолданылған); индексі: EUR 55/011/2007. см. также доклад Amnesty International Slovenia: The «erased» - Briefing to the UN Committee on Economic, Social and Cultural Rights («словения: «сызылған» — экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі БҰҰ комитетіне арналған брифинг», ағылшын тілінде), индексі: EUR 68/002/2005, Көптеген жылдар бойы Словенияда тұрған, бірақ ел тәуелсіздігін алғаннан кейін артынша олардың түрлі экономикалық және әлеуметтік құқықтарын жүзеге асыру мәселелерінде дәрекі кемсітушілікке алып келген, бірнеше мыңдаған адамдар үшін тұрақты тұруына рұқсатты қайта қалпына келтіруден бас тартулар көрсетілген.

5. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ МЕН ТӘРТІПТЕР ЖҮЙЕСІ

Құралдың бұл бөлігінде кемсітпеу мәселелері бойынша адам құқықтарын қорғаудың халықаралық тетіктерімен жұмыс жасау ерекшеліктері қарастылған. Адам құқықтарын қорғаудың екі жүйесі қаралды: Біріккен Ұлттар Ұйымы және Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық. Бұл құралда адам құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктері қарастырылмаған, себебі олар әр түрлі елде түрліше, сонымен қатар Еуропалық жүйе секілді адам құқықтарын қорғаудың аймақтық жүйесі де көрсетілмеген (ол туралы ақпаратпен жеке танысуға болады, ең бастысы Орталық Азия елдері Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенцияның қатысушылары болып табылмайтындықтарын естен шығармаған жөн, бірақ ОА азаматтары, егер олардың құқықтары Конвенцияға қол қойған мемлекеттер: мысалы Ресей, Грузия, Украина және т.б. тарапынан бұзылатын болса, шағымдарын Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотқа жолдай алады⁷¹).

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі тетіктері туралы анағұрлым егжей-тегжейлі ақпаратты алу үшін, сіз «Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі адам құқықтарын қорғау» ақпараттық брошюрамен таныса аласыз⁷².

5.1. БҰҰ жүйесінің мекемелері мен органдары кемсітушілікке қарсы қорғау құралы ретінде

Кемсітушілікке қарсы қорғау үшін БҰҰ жүйесі аясында түрлі тетіктер: жарғылық (Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Кеңесі, арнайы баяндамашылар мен жұмыс топтары) және шарттық (Адам құқықтары жөніндегі түрлі комитеттер) пайдаланылуы мүмкін.

71 Елдердің толық тізімімен мына адрес бойынша танысуға рұқсат: <http://echr.ru/coe/states/index.htm>

72 Бұл басылым Еуропалық Одақтың ықпалымен шығарылды. Бұл басылымның мазмұны Адам құқықтары мен заңдылықтың сақталуы жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюросы, «Нота Бене» Қоғамдық қоры, Адам құқықтары бойынша Трікмен мен Адам құқықтары жөніндегі халықаралық серіктестік бастамасы жауапкершіліктерінің мәні болып табылады. Мына адрес бойынша алуға рұқсат: <http://bureau.kz/files/press-center/gallery/HumanRights%20in%20UN%20system.pdf>

Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Кеңесі⁷³

Адам құқығы жөніндегі БҰҰ Кеңесіне шағым тек жаппай және дәрекі бұзушылық жағдайларында ғана жолданады. Тәртіп құпия болып табылады, шағым бойынша әрі қарай байланысу үдерісіне және істі Адам құқықтары жөніндегі Кеңесте қарастыру үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік болмайды. Шағымды қарастыру қорытындылары бойынша Кеңес бұзушы-мемлекетке қатысты ұсыныс шығара алады. Адам құқықтары жөніндегі кеңестің көпшілік баяндамаларына тек осы тәртіп бойынша өткен және шешім қабылданған елдер туралы ақпарат қана енеді. Арыздың мазмұны мен оны талқылау үдерісі туралы ақпарат жоқ. Егер шағым тіркелген болса, ол бойынша байланысу басталады, бұл адам құқықтарының таңдалған саласында ұлттық және халықаралық деңгейде талқылауды кеңінен бастауға жақсы мүмкіндік.

БҰҰ Арнайы баяндамашылары

Адам құқықтары жөніндегі кеңестің «Арнайы тәртіптері», бұл – Адам құқықтары жөніндегі комиссиямен және Адам құқықтары жөніндегі кеңеспен елдегі нақты жағдайларды не болмаса әлемнің түп-түпкіріндегі тақырыптық мәселелерді талқылау үшін құрылған тетіктердің жалпы атауын. 2015 ж. 27 наурызына дейін 41 **тақырыптық⁷⁴** және 14 елдік мандаттар болды⁷⁵. Арнайы баяндамашылар жекелеген тұлғалардың шағымдарына жауаптарды, ұлттық деңгейде техникалық ынтымақтасу мәселелері бойынша зерттеу жүргізулерді, кеңес берулерді, сонымен қатар жалпы көтермелеу іс-әрекеттеріне қатысуды қоса алғанда, түрлі әрекеттерді қолдана алады. Арнайы тәртіптер орын алған немесе орын алуы мүмкін адам құқықтарының нақты бұзушылықтары туралы ақпараттарды ала алады. Ақпарат жекелеген тұлғалардың немесе бір топ тұлғалардың құқықтарының бұзылуына не болмаса мысалы, адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын бұзуы мүмкін заңды әзірленуіне немесе қабылдануына қатысты болуы мүмкін. Адамның нақты құқықтарының бұзылғаны туралы хабарламада болжамды құрбанның, бұзушының (егер белгілі болса) деректерін, сонымен қатар бұзушылықтың егжей-тегжейлі сипатын көрсету қажет.

73 Анағұрлық егжей-тегжейлі ақпаратпен осында танысуға болады: <http://ohchr.org/RU/HRBodies/HRC/Pages/AboutCouncil.aspx>

74 Арнайы баяндамашылардың тақырыптық толық тізімімен немесе олардың байланысу деректерімен осында танысуға болады: <http://ohchr.org/RU/HRBodies/SP/Pages/Themes.aspx>

75 <http://ohchr.org/RU/HRBodies/SP/Pages/Countries.aspx>

Заңнамаға қатысты хабарламада заңның/заң жобасының көшірмесі, сонымен қатар құқықтық ережелерді немесе заңды қолдану не себепті адам құқықтары саласындағы халықаралық заңға қайшы келетіні ықтимал екенін ұсыну қажет етіледі. Арнайы тәртіптерге жолданатын кез келген ақпарат ағылшын, француз немесе испан тілдерінде болуы тиіс. Кейбір Арнайы тәртіптер жеке хабарламалардың арнайы нысандарын әзірледі.

Хабарламаны алған кездері Арнайы тәртіптер *үкіметтерді түсініктеме беру үшін дереу әрекет етуге шақыруы немесе болжамды бұзылушылық туралы хаттарды* жолдауы мүмкін. Мұнан әрі, адам құқығы нақты бұзылған жағдаят шешімін тапқанға дейін арнайы тәртіптің бақылауында болады, ал бұзушылық пен нақты іс бойынша мемлекеттердің ынтымақтасуы туралы ақпарат арнайы баяндамаларда жарияланады.

Жеке хабарламалар: адам құқықтары бұзылған жағдайлар (нақты кейстер) немесе әзірленіп жатқан заң жобалары немесе адам құқықтарын бұзатын басқа да бастамалар мен дереу арнайы тәртіптің килігуін талап ететін жағдайлар туралы ақпаратты сіз URGENT берісімен мына адреске urgent-action@ohchr.org жолдай аласыз. Соңыра, кейс немесе жағдаят туралы жаңартылған ақпарат жолдау маңызды.

Көптеген Арнайы баяндамашыларда кемсітпеу мәселелері бойынша тақырыптық зерттеу бар, мысалы Азаптаулар жөніндегі АБ өздерінің есептерінде сексуалдық азшылықтарға қатысты азаптаулар мен кемсітушілік мәселелерін⁷⁶; Жұмыс орындарындағы дін мәселелері⁷⁷ мен әйелдер мен ерлер теңдігі⁷⁸ жөніндегі кемсітушілік мәселелерін қозғады. Арнайы баяндамашыны таңдау кезінде кемсітпеу құқығы бұзылған құрбанның (бұзушылық құрбандары) тиесілі болатын адамдар тобы ескерілуі қажет, мысалы:

- Назшылықтар мәселелері жөніндегі тәуелсіз сараптамашы;
- Заңнамалар мен тәжірибеде әйелдерге қатысты кемсітушілік мәселесі жөніндегі жұмыс тобы;
- Шығу тегі Африкалықтұлғалардың мәселелері бойынша жұмыс тобы;
- МШТ құқықтары туралы мәселе бойынша Арнайы баяндамашы;

76 <http://www.un.org/documents/ga/docs/56/a56156.pdf>

77 <http://www.ohchr.org/Documents/Issues/Religion/A.69.261.pdf>

78 <http://www.ohchr.org/Documents/Issues/Religion/A.68.290.pdf>

- Жергілікті халықтың құқықтары жөніндегі Арнайы баяндамашы;
- Мигранттардың құқықтары туралы мәселе бойынша Арнайы баяндамашы;
- Қарт адамдардың барлық құқықтарын жүзеге асыруы туралы мәселе бойынша тәуелсіз сараптамашы.

Не болмаса кемсітушілікпен байланысты нақты құқық назарға алынады: мысалы, азаптаулардан қорғау құқығы (азаптаулар мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немес еқадір-қасиетті қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлері туралы мәселе жөніндегі арнайы баяндамашы); физикалық және психикалық денсаулық құқығы (әрбір адамның физикалық және психикалық денсаулықтың анағұрлым жоғары деңгейіне құқығы туралы мәселе жөніндегі арнайы баяндамашы; діни сенім бостандығы құқығы (**дін мен сенімдер** бостандығы туралы мәселе жөніндегі арнайы баяндамашы); қауымдасу бостандығы (**бейбіт жиналыстар мен қауымдастық бостандығы туралы** мәселе жөніндегі арнайы баяндамашы); сөз бостандығы құқығы (**ой бостандығы мен оларды білдіру бостандығы туралы** мәселе жөніндегі арнайы баяндамашы).

Сонымен, жеке жағдайды ескере отырып, кез келген арнайы баяндамашы, тіптен олардың бірнешеуі қолданылуы мүмкін. Мысалы, мүгедектігі бар тұлға азаптауларға тап болатын жағдайда, бұл – МШТ жөніндегі арнайы баяндамашы және азаптаулар туралы арнайы баяндамашы; немесе құқық қорғаушы-әйел заңсыз ұсталып, зорлыққа душар болған жағдайда, бұл – құқық қорғаушылар жөніндегі арнайы баяндамашы мен **әйелдерге** қатысты зорлық туралы мәселе жөніндегі арнайы баяндамашы және басқалар болуы мүмкін.

Арнайы баяндамашылардың толық тізімімен Адам құқықтары жөніндегі Жоғары Комиссардың ресми сәйкестыңда танысуға рұқсат: <http://www.ohchr.org/RU/HRBodies/SP/Pages/Themes.aspx>

БҰҰ-ның Шарттық органдары⁷⁹

Бұл тетікті адам құқықтары бойынша белгілі құжаттың бұзылғанына шағым беру жолымен пайдалануға болады. Қазіргі уақытта осы құжат-

⁷⁹ Біріккен ұлттар Ұйымының адам құқықтары саласындағы шарттар жүйесінен анағұрлым егжей-тегжейлі қараңыз. № 30 Фактілерді мазмұндау. <http://ohchr.org/Documents/Publications/FactSheet30ru.pdf>

тардың сақталуына бақылау жүргізу үшін құрылған бірнеше негізгі Комитеттер бар:

Халықаралық шарт	Кемсітушілік туралы баптар	Комитет
Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті (ЭӘМҚХП)	2 және 10 баптар	Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет (ЭӘМҚК)
Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (АСҚХП)	2, 20, 24, 25, 26 баптар	Адам құқығы жөніндегі комитет (АҚК)
Азаптаулар мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немес еқадір-қасиетті қорлайтын әрекеттер мен жазалауға қарсы Конвенция (АҚК)	Егер азаптау кемсітушілік негізінде орын алатын жағдайда кез келген бап	Азаптауларға қарсы комитет (АҚК)*
Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенция (НКЖК)	2, 4, 5, 6, 7 баптар	Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет (КЛРД)
Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы БҰҰ-ның Конвенциясы (ӘКЖК)	2, 7, 8, 9, 10 баптар	Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитет (КЛДЖ)
Балалар құқығы туралы Конвенция (БҚК)	2 және 23 баптар	Балалар құқығы жөніндегі комитет (БҚК)
Барлық еңбекші мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтары туралы халықаралық конвенция (ЕМҚК)	7 бап	Еңбекші мигранттардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет (ЕМК)
Мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтары туралы конвенция (МҚК)	2, 4, 5, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 30 баптар	Мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтары жөніндегі комитет (МҚК)

* Қазіргі уақытта ОА елдерінен Қазақстан Комитетке шағымдарды қарауға мүмкіндік беретін 22 бап бойынша өтініш жасады.

Белгілі Комитетке жеке шағым беруге шешім қабылдайтын жағдайда ең алдымен, сіздің мемлекетіңіздің осы Комитеттің құзыреттілігін шарттың тиісті бабына сәйкес жариялау не болмаса тиісті факультативтік хаттаманы қабылдау жолымен мойындағанына көз жеткізіңіз. Шағымға қойылатын талаптар мен тәртіптер мәселелерімен Адам құқықтары жөніндегі Жоғары Комиссар Кеңесінің веб-сайтында танысуға болады:

<http://ohchr.org/RU/HRBodies/Pages/TreatyBodies.aspx>

5.2. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым (ЕҚЫҰ)

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым (ЕҚЫҰ) жалпы құндылықтар тақырыбындағы саяси диалог арқылы және тәжірибедегі жақсыға қарай ауысуды ұзақ уақытқа қамтамасыз ететін әрекеттер арқылы тұрақтылық, өркендеу мен демократия жолында 57 мемлекетте жұмыс жасайқесды.

Өзінің қызметі аясында ЕҚЫКнұсқаулық сипатындағы бірқатар құжаттарды дайындады және кемсітушіліктің барлық нысандарын жою бойынша бірсыпыра шараларды өткізді. Бастапқыда ЕҚЫК (ЕКЕБ) тарихқа Хельсинкидегі Кеңестің, «себеттер» деп аталатын – 4 бөлімнен тұратын Қорытынды актісі әзірленген форум ретінде енді. Бірінші бөліміне – екі бөлім кіреді – «Мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін қағидалар мен Сенім шаралары және қауіпсіздік пен қарусызданудың кейбір салалары», екінші – «Экономика, ғылым, технология және қоршаған орта салаларындағы ынтымақтастық», үшінші – «Гуманитария мен басқа да салалардағы ынтымақтастық», төртінші – «Кейінгі шаралар».

ЕҚЫК құралдары шегінде жарияланатын адам құқықтары каталогының айрықшалығы, халықаралық-құқықтық құжаттарда ұлттық азшылықтардың құқықтары тақырыптарының пайда болуы еді. Бұл құқықтар Жаңа Еуропаға арналған құжаттардың – Париж хартиясы (1990 ж.), Копенгагендегі кездесудің қорытынды құжаты (1990 ж.), Мәскеудің қорытынды құжаты (1991 ж.), Будапешт құжаттары (1994 ж.) – негізгі тақырыптарына айналды. Сонымен, Копенгагендегі кездесудің қорытынды құжатында (5-19 маусым 1990 жыл) (33 т.) былайша атап өтілді:

«Қатысушы-мемлекеттер өз аумақтарындағы ұлттық азшылықтардың этникалық, мәдени, лингвистикалық және діни өзіндік ерекшеліктерін қорғайды және осындай сәйкестікті дамыту үшін жағдай жасайды». Осымен бірге, бұл ереже мұндай шаралардың қатысушы-мемлекеттердің басқа азаматтарына қатысты теңдік және кемсітушілікті жою қағидасына сәйкес болатынын жойды.

ЕҚЫК кемсітушілікке қарсы күрес саласында өкілеттіктері бар органдары

Венадағы кеңестің қорытынды құжаты (1989 ж.) «Адами өлшем тетіктері» деп аталатын тетікті құрды. Қазіргі уақытта бұл негізінен, адам құқықтарын қорғау саласындағы фактілерді тергеу жөніндегі келіссөздер, делдалдық, комиссиялар жүйесі.

Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро (ДИАҚБ)

Жеке адамды халықаралық қорғау саласындағы ерекше өкілеттіктерді, ең алдымен Варшавадағы Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро иеленеді⁸⁰. Жаңа еуропа үшін Париж хартиясы негізінде құрылған Ерікті таңдаулар жөніндегі бюро 1992 жылы Прага кеңесінде Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро деп өзгерді. **Кеңсе жеке жағдаяттар мен жағдайлар бойынша жұмыс жасамайды, бірақ кеңес беру арқылы қолдау көрсете алады.**

Бюроның қызметі – ұлттық және жергілікті деңгейдегі сәйкес-лауларға бақылау жүргізу нысанында демократиялық үрдіске, демократиялық институттар мен азаматтық қоғамдарды, жергілікті жерлердегі ЕҚЫК өкілдерінің қызметтерін нығайтуға, жекелеп алғанда, білім беру семинарлары мен біліктілікті көтеру жөніндегі шараларды өткізу арқылы, сонымен қатар адами өлшем шегіндегі міндеттердің сақталуына бақылау жүргізу арқылы кикілжіңдерді болдырмауға ықпал ету.

2004 жылдан бері Бюроның мандаты, нәсілдік пен ксенофобияны болдырмаудан, оларға тыйым салу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дейін кеңейтілді. Нәсілдік, ксенофобия мен төзімсіздіктің басқа

80 OSCE Office for Democratic Institutions and Human Rights, <http://www.osce.org/odihr>

да нысандары ЕҚЫК аймақтарындағы түрлі қауымдастықтардың қауіпсіздіктеріне кеңінен қатер төндіруді жалғастыруда. ДИАҚБ жек көрушілік, антисемитизм және мұсылмандарға, христиандармен басқа да діннің мүшелеріне төзімсіздікті қоса алғанда, төзімсіздіктің басқа да нысандары негізіндегі кемсітушілік, қылмыстар туралы хабардар болуды көтеру жөніндегі ресурстар мен бағдарламаларды әзірледі. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен оқытушыларын саясат пен оқыту бойынша кеңес берулерді ұсына отырып, кеңсе осы мәселені болдырмау мен оған жауап берудегі үкіметтің әлуетін көтеру бойынша жұмыс жасәйкесды. ДИАҚБ сондай-ақ, төзімсіздік пен осыған ұқсас инциденттер негізіндегі қылмыстарға мониторинг жүргізу мен құжаттау үшін азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін көтеру бойынша жұмыс жасәйкесды⁸¹.

Байланыстар:

OSCE Office for Democratic Institutions and Human Rights
Ul. Miodowa 10
00-251 Warsaw
Poland
Office: +48 22 520 06 00
Fax: +48 22 520 06 05
office@odhr.pl

Ұлттық азшылықтар жөніндегі Жоғары Комиссар

Ұлттық азшылықтар ісі жөніндегі Жоғары Комиссар Бюросы (Гаага)⁸² ұйымға қатысушы-мемлекеттердегі ұлттық азшылықтарға қатысты кемсітушілікті болдырмау жөніндегі және ұлттық кикілжіңдердің халық-аралық қауіпсіздікке қауіп төндіретін кикілжіңдерге ұласып кетпеуі жөніндегі тұрақты орган болып табылады.

Бұл институт 1992 ж. құрылды. Жоғары Комиссар ұлттық азшылықтардың және бейбітшілікке, тұрақтылыққа немесе қатысушы-мемлекеттер арасындағы қатынастарға әсер ететін ЕОЕК аймағындағы кикілжіңге ұласып кетуге әбден мүмкін болатын мәселелеріне байланысты, мүмкіндігінше ең бастапқы сатысында «ерте ескертуді» және тиісті жағдайларда, шиеленіскен жағдайларға қатысты «жедел әрекеттерді»

81 <http://www.osce.org/odhr/tolerance>

82 OSCE High Commissioner on National Minorities, <http://www.osce.org/hcnm>

қамтамасыз етеді⁸³. Жоғары Комиссар кикілжіңдер мүмкін болатын жерлерге сапар шегеді және диалог пен сенімді нығайтуға ықпал ет үшін алдын алу дипломатиясын жүргізеді. Комиссар өзінің қызметін міндетті түрде құпия, күні ілгері кесіп-пішпестен және тәуелсіз жүзеге асыруға міндетті. Комиссар **е лаңкестік актілеріне байланысты жек жағдайлармен немесе жағдаяттармен айналыспайды және лаңкестікті қолданатын** немесе лаңкестік пен зорлықты жаппай ақтайтын кез келген тұлғамен немесе ұйыммен **байланысқа түспейді**.

Ақпараттар мен баяндамаларды алу

Жоғары Комиссар:

- ұлттық азшылықтардың жағдайлары мен оларға қатысы бар тараптардың рөлі туралы, *лаңкестікті пайдаланатындар мен оған ашықтан ашық қолдау көрсететіндерді* есептемегенде, кез келген көздерден, оның ішінде **бұқаралық ақпарат құралдары мен үкіметтік емес ұйымдардан**, ақпарат жинайды және алады.
- ұлттық азшылықтардың мәселелеріне байланысты оқиғалар туралы нақты баяндамаларды тікелей қатысушылардан алады. Олардың қатарына ЕОЕК бойынша ұлттық азшылықтарға қатысты міндеттемелердің бұзылуы, сонымен қатар ұлттық азшылықтар мәселелеріне қатысты басқа да бұзушылықтар туралы баяндамалар енуі мүмкін.

Баяндамалар келесі талаптарға сәйкес болуға тиіс:

- олар **жазбаша түрде ұсынылуға**, Жоғары комиссарға жеке жолдануы және тектері, аттары мен мекен жайлары толық көрсетіліп қол қойылуы тиіс (яғни **анонимді болулары мүмкін емес**);
- оларда жақында, негізінен **бір жылдан аспайтын** уақыт ішінде орын алған, ұлттық азшылықтарға тиесілі тұлғаның жағдайына қатысты оқиғалар туралы, сонымен қатар қатысы бар тараптар туралы нақты есеп мазмұндалуға тиіс. Баяндамаларда жеткілікті дәрежеде сенімді фактілермен бекітілген ақпарат мазмұндалуға тиіс.

83 ЕККБ, ХЕЛЬСИНКИ ҚҰЖАТЫ 1992 ЖЫЛ, 3 т. Мына адрес бойынша алуға рұқсат: <http://www.osce.org/ru/mc/39534?download=true>

Елдерге бару, байланыстар мен кеңес берулер

Жағдаят бойынша ақпарат алғаннан кейін, Комиссар:

- мүмкіндігінше бастапқы сатыда тікелей мүдделі тұлғалардың рөліне, шиеленістің сипаты және оған байланысты соңғы оқиғаларға, сонымен қатар бұл мүмкін болатын кездері ЕҚАК аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа тигізетін әлуетті салдарына **баға беруді жүзеге асырады**, осы мақсатта мүмкіндіктері бар;
- елге тиісті тәртіпте баруға (баруға дейін қатысушы-елге кеңес беру жүргізіледі) және ұлттық азшылықтардың жағдайы туралы ақпаратты бірінші қолдан алу үшін тікелей мүдделі тараптармен⁸⁴ жеке **байланысқа түсе алады**;
- Мәселе бойынша өзіні жұмысын аяқтағаннан кейін Жоғары Комиссар қызметтегі Төрағаға (ЕҚЫК) өзі анықтаған фактілер, нәтижелер мен қорытындылар туралы есепті ұсынады. Төраға **бір айлық мерзім ішінде, құпиялылық тәртібінде тиісті мемлекетпен (мемлекеттермен)** анықталған фактілер, нәтижелер мен қорытындыларға қатысты **кеңесулерді жүргізуді**, сонымен қатар анағұрлым кең ауқымдағы кеңес берулерді жүргізе алады.

Байланыстар

OSCE High Commissioner on National Minorities,

Prinsessegracht 22, 2514 AP The Hague

Netherlands

Office: +31 70 312 55 00

Fax: +31 70 363 59 10

hcnm@hcnm.org

⁸⁴ Ұлттық азшылықтар шиеленіскен аудандарда орналасқан және тікелей мүдделі мемлекеттің өкілдері мен қауымдастықтардың, үкіметтік емес ұйымдардың, діни және тағы басқа топтардың осы ұлттық азшылықтарға тиесілі жәнеолардың мүдделерін ұсыну үшін уәклеттелген өкілдері.

